Қызылжұлдыз негізгі орта мектебінде “Әдістемелік күннің” өтуіне байланысты мектебіміздің мұғалімдері тренингтер, түрлі әдіс- тәсілдермен бөлісіп “Шебер сынып” өткізді. Көркемөнерпаздар концерттік бағдарлама қойылып, спорттық ойындарда айналды.

Қорытынды:

1. Мұғалімдердің сабақты зерттеу тәсілін қолдану дағдысын арттыру.
2. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, негізгі және пәндік құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім беру сапасын арттыру.
3. "Қазақ тілі, орыс тілі және тарих сабақтарында мәтінді пысықтау кезінде қолданатын белсенді оқыту стратегиясы" атты тақырыпта авторлық бағдарламаны жасап, қорғауға ұсынылсын. (Педагог-зерттеушілер:

Уразакова Г.Г., Муханбетжанова Г., Жаксылыкова Г.Г.)

б) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:
Педагогтердің біліктілігін арттыру талаптарына сәйкес мектеп әкімшілігі үш жылда

бір рет курстан өтіп отырады.

Әкімшіліктің соңғы 3 жыл бойынша курстан өту көрсеткіші-100% .

№	Педагогтардың АТӘ	Лауазымы	Курс атауы	Мерзімі, сертификат №	Өткен орны
1	Биялова Жанат Танатқановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	«Менеджмент заманауи білім беру ұйымдарын тиімді басқарудың негізі ретінде»	15.05. 2022ж №10811	Академиялық центр Старт
2	Луценко Рита Викторовна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	19.04. 2024ж	Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ
3	Жүсіпбек Шотбай Құрмайұлы	мектеп директоры	«Білім берудегі менеджмент»	26.01. 2024ж №045848	Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ
4	Муханбетжанова Гульбара Рамазановна	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	09.02. 2024ж №050302	Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ
5	Байкенова Маржан Сайлаубековна	директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент»	19.04. 2024 ж	Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ

https://drive.google.com/drive/folders/1HyPLNskKBJSRsTXVyP_QhzEfkIvzqj5?usp=sharing

Бұл бағыттағы жұмыс кешенді жоспарға сәйкес жүргізіледі.

3. Білім алушылар контингенті

1) деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті

туралым әліметтер:

Соңғы үш жыл ішінде мектепте білім алушылар контингентінің азаюы байқалады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 2-қосымшаның 1-тарауы негізінде білім алушылардың санының азаюына байланысты (81-ден 180 адам) шағын жинақталған мектеп болып саналады

№	Деңгей бойынша	Оқушылар саны 2021 – 2022 оқу жылы	Оқушылар саны 2022 – 2023 оқу жылы	Оқушылар саны 2023 – 2024 оқу жылы
1	1 – 4 сынып	63/2	68/4	50/0
2	5 – 9 сынып	114/6	108/8	95/2
3	10 – 11 сынып	37/0	27/0	19/3
	жалпы	214/8	203/12	164/5

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер: 2021 – 2022, 2022 – 2023 оқу жылындағы мектеп оқушыларының қозғалысы туралы оперативті ақпарат қоса беріледі.

2) сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер:

№	сынып	2021 – 2022 оқу жылындағы білім алушылар		2022 – 2023 оқу жылындағы білім алушылар		2023 – 2024 оқу жылындағы білім алушылар	
		Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1	1-сынып	11/0	4/0	18/1	4/2	8/0	3/0

2	2-сынып	8/0	2/0	11/0	3/0	14/0	5/0
3	3-сынып	16/1	4/0	9/0	2/0	7/0	2/0
4	4-сынып	14/1	4/0	17/1	4/0	9/0	2/0
5	5-сынып	16/1	6/2	14/1	3/0	13/1	5/0
6	6-сынып	29/0	9/0	13/1	5/2	12/0	3/0
7	7-сынып	14/0	4/1	31/0	9/0	11/1	5/0
8	8-сынып	12/2	9/0	14/1	1/0	28/0	7/0
9	9-сынып	10/0	5/0	12/3	6/0	11/0	0/0
10	10-сынып	17/0	3/0	5/0	3/0	8/3	3/0
11	11-сынып	12/0	5/0	16/0	3/0	5/0	3/0
12	жалпы	159/5	55/3	160/8	43/4	126/5	38/0

2023-2024 оқу жылында орыс тілінде білім алатын 9-сынып болмау себебі: оқушылардың контингенті құралмауына байланысты.

	2021-2022 о.ж		2022-2023 о.ж		2023-2024 о.ж	
	Сынып саны		Сынып саны		Сынып саны	
	барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқытылады	барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқытылады	барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқытылады
Даярлық сынып	2	1	2	1	1	1
1- сынып	2	1	2	1	2	1
2- сынып	2	1	2	1	2	1
3-сынып	2	1	2	1	2	1
4-сынып	2	1	2	1	2	1

1-4 сынып	8	4	8	4	8	4
5-сынып	3	2	2	1	2	1
6- сынып	2	1	2	1	2	1
7-сынып	2	1	3	2	2	1
8- сынып	2	1	2	1	3	2
9-сынып	2	1	2	1	1	1
5-9 сынып	11	6	11	6	10	6
10-сынып	2	1	2	1	2	1
11- сынып	2	1	2	1	2	1
10-11 сынып	4	2	4	2	4	2
1-11 сынып	23	12	23	12	22	12
Барлығы: мектеп бойынша	25	13	25	13	23	13

Білім алушылар контингенті. Қосымша-8.

<https://drive.google.com/file/d/1dZVJqBxtHhWoUAfoON1ypW3f3W9yAaqH/view?usp=sharing>

Соңғы үш жылда бастауыш сыныптар саны- тұрақты, орта буында орыс тілінде білім алатын 9-сынып болмау себебінен сынып саны 11-ден 10-ға азайды.

Үш жылдың жиынтық-сынып туралы мәлімет

	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	Жиынтық –сынып саны		Жиынтық –сынып саны		Жиынтық –сынып саны	
	барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқытылады	барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқытылады	барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқытылады
Даярлық сынып	2	1	2	1	1	1
1- сынып	2	1	2	1	2	1
2- сынып	1,5	1	1,25	1	1,25	1
3-сынып	1,5	1	1,25	1	1,25	1
4-сынып	2	1	1,5	1	1,5	1

1-4 сынып	7	4	6	4	6	4
5-сынып	1,5	1	1,5	1	1,5	1
6- сынып	2,5	2	1,5	1	1,5	1
7-сынып	1,5	1	2,5	2	1,5	1
8- сынып	1,5	1	1,5	1	2,5	2
9-сынып	2	1	2	1	1	1
5-9 сынып	9	6	9	6	8	6
10-сынып	2	1	2	1	2	1
11- сынып	2	1	2	1	2	1
10-11 сынып	4	2	4	2	4	2
1-11 сынып	20	12	19	12	18	12
Барлығы: мектеп бойынша	22	13	21	13	19	13

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектеп бойынша жиынтық-сынып саны 22-ден 19-ға азайды. Себебі, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайының тұрақсыздануы, мекен жайының ауыстыруы, мектеп оқушыларының, оның ішінде сыныптардың біріктірілуіне негіз болды.

2023-2024 оқу жылындағы біріктірілген сынып- жиынтығы туралы мәлімет.

№	Деңгей бойынша	2021 – 2022 оқу жылы	2022 – 2023 оқу жылы	2023 – 2024 оқу жылы
1	1 – 4 сынып	2 «Б»-3 «Б»	2 «Б»-3 «Б»-4 «Б»	2 «Б»-3 «Б»-4 «Б»
2	5 – 9 сынып	5 «Б» -6 «Б» 7«Б» -8«Б»	5 «Б» -6 «Б» 7«Б» -8«Б»	5 «Б» -6 «Б» 7«Б» -8«Б»

3	10 – 11 сынып	-	-	-
---	---------------	---	---	---

Шағын жинақты мектептің бастауыш білім беру деңгейінде біріктіріп оқыту бойынша орыс тілінде білім алатын үш сынып (2 «Б», 3 «Б», 4 «Б») бір сынып-жиынтығы болып есептеліп, бірге оқытылады. Біріктірілген сыныпқа сабақ кестесі бойынша бір пәндік тәсіл қолданылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде орыс тілінде білім алатын төрт сынып

(5«Б», 6 «Б», 7«Б», 8 «Б») біріктіріліп, екі сынып-жиынтығы болып (5-6 «Б», 7-8 «Б») оқытылады. Біріктірілген сыныптағы білім алушылардың білім сапасының деңгейін көтеру мақсатында ««Шағын жинақталған мектептерде біріктірілген сынып-комплектілерінде пәндерді оқыту әдістемесі» бойынша 2023-2024 оқу жылында пән мұғалімдері курстан өтті.

Жалпы білім беретін мектепте оқу процесі білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, аралас сыныптарда оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі.

Білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету бойынша «электронды журнал», яғни Kundelik.kz жүйесі жүргізіледі.

Электронды сынып журналын мектеп әкімшілігі тарапынан тағайындалған жауапты қызметкер-Айдарханов М.А. апта сайын тексеріп, бақылап отырады. Әр тоқсан сайын стандарттың орындалуы қаралады, белгіленген ереже бойынша жүргізілуі тексеріледі. Әйтсе де, кейбір пән мұғалімдері тарапынан журналды уақытында толтырмауы анықталып, дер кезінде кемшіліктер түзетіледі. «Kundelik.kz» тексеру барысында 6 «А» сыныпта сабақ жүргізетін пән мұғалімдері: тарих пәні мұғалімі –Байтұрсынов Н.Б., математика пәні мұғалімі-Калиев М.Ш. 26.09.2023 ж келген Кубиков Н. (26 қыркүйекке дейін) баға қойғаны анықталды, түзету жұмыстары жасалды.

Мерекелік күндер кіріктіріліп жазылуына байланысты бұйрық шығарылды және жоспарланған екі тақырыпты бір күнге жаза отырып толтырылады. (тақырыпты тығыздау 12.08.2020 ж Бұйрық№ 340).

Сонымен қатар, апта және ай сайын күнделіктің жүргізілуі бойынша мониторинг жасалынып, жіберілген қателер бойынша, түзету жұмыстары жүргізіледі.

2) білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы білім алушылар контингентінің қозғалысы бойынша:

Білім алушылардың	2021-2022 оқу жылы 1 қыркүйек	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Оқу жылының басында	214	203	164
Келгені	32	24	9
Қаладан	24	7	3
Облыстан	2	2	
Республикадан	6	4	5
Колледжден			1
Қосымша қамту	3		
1-сыныпқа		11	
Кеткені	43	63	2
Қалаға	23	23	1
Облысқа	5	4	
Республикаға	8	10	1
Республикадан тыс аймаққа			
18 жас			
Колледжге	7	9	
ЖОО		16	
Жұмыс істейді			
Басқа себептермен		1	
Оқу жылының соңында	2021-2022 оқу жылы 31 тамыз	2022-2023 оқу жылы 31 тамыз	2023-2024 оқу жылы 3-тоқсан
	203	164	171


2022-2023 оқу жылында 11-сыныпты бітіруші Сұлтанбек Ербол-оқу орнына түсе алмағандықтан, әскери борышын өтеуге кетті.

2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанында колледжден 10-сыныпқа бір оқушы қабылданды. 2023 жылғы 29 қарашадағы Арқалық қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысының №20 хаттамасы негізінде Арқалық көпсалалы колледжінің студенті Баймуратов Рустем Руслановичтің қалауын ескеріп, оқу орнын ауыстыруға рұқсат берілді.

<https://drive.google.com/file/d/1EqoRIDWTmAMFHDwo7gdZPcBAqIYsVaga/view?usp=sharing>

Орыс тілінде білім алатын 10 «Б» сыныбына Баймуратов Рүстем А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебіне қабылданды. («05» желтоқсан 2023 жылғы Бұйрық №15).

<https://drive.google.com/file/d/1rKO86MJiXGvvHWVI7fUcA8KCIZp6CIma/view?usp=sharing>



Қорытынды: үш жылдық оқушылар санының динамикасы бойынша, 2021-2022 оқу жылында 214 оқушы болса, 2022-2023 оқу жылында динамика -11,

2023-2024 оқу жылында динамика -69 оқушы.

Білім алушылар контингентінің азаю себебі:

- мектеп білім алушыларының мекенжайының ауысуы-31;
- 2022-2023 оқу жылында мектеп түлектерінің саны-27 болса, ал 2023-2024 оқу жылында мектепке қабылданған білім алушылар саны-11

4.	Оқу-әдістемелік жұмыс	<p style="text-align: center;">Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:</p> <p>1) білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі:</p> <p>2021-2022 оқу жылы:</p> <p>«Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Макаренко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу жұмыс жоспары Арқалық қаласы білім бөлімінің басшысымен келісілген.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);</p> <p>-1-4 сыныптар- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен 1-2 қосымшалары өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);</p> <p>- 5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен 6-7 қосымшалар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);</p> <p>- 10 сыныптар-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 31-33 қосымшасы)</p> <p>-11 сыныптар - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (төмендетілген оқу жүктемесі) 2020 жылғы 27 қараша №496 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);</p> <p>Оқу жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылы https://drive.google.com/file/d/1cgOi-VaTMEg9c2YmhDnE0BN6G39rKaAZ/view?usp=sharing</p>
----	-----------------------	--

2022-2023 оқу жылы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) (ары қарай МЖМС);

-1-4 сыныптар –«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының (1-2 қосымшалары енгізілген);

-5-9 сыныптар-«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына (6-7 қосымшалары енгізілген);

-10-11 сыныптар- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына (86-88 қосымшалары енгізілген);

Оқу жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1mg-VRJD6lau0JLIYc-klcBf3ShcEoqOk/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) (ары қарай МЖМС);

-1-4 сыныптар- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрықпен 1,2 қосымшалар толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

-5-9 сыныптар-«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен 6-7 қосымшалар толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

-10-11 сыныптар-«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу

жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен 39-41 қосымшалар толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (2022 жылғы 21 қарашадағы №467, 2023 жылғы 05 шілдедегі

№199 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

-«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістері;

-«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен);

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа ала отырып, оқыту процесі жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы:

https://drive.google.com/file/d/1A-fXtn_yuLerS-o38TMTYyHd86iUkHNL/view?usp=sharing

2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері келесі факторлармен анықталады:

1-2-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін оқыту жалғасуда (Қазақстан Республикасы Білім министрінің 12 тамыздағы бұйрығына 2-қосымша, 2022 № 365, «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқу жалғасуда (Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 2-қосымша, «Шетел тілі» пәні оқытылмайды). Жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарына байланысты біз 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курстарын оқытамыз. 1-4-сыныптарда

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. (<https://kundelik.kz/> веб-сайты. Жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық бағытта жүзеге асырылады. Бұл бағытты таңдауды мектеп оқушыларының қажеттіліктері мен ата-аналардың өтініштері ескеріле отырып жасалды. Сабақ кестесі ата-аналар комитетімен келісілген және мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарына негізделеді. Оқыту кестесі жұмыс оқу жоспарында ұсынылған барлық білім беру бағыттарын қамтиды. Максималды оқу жүктемесі сақталады, инвариантты және ауыспалы компоненттерді құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі байқалады.

Сабақ кестесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес құрылған. Сабақ кестесін құру барысында әр сыныптағы оқу жүктемесінің нормалары, мектептің техникалық-материалдық базасы мен кадрлар құрамы ескеріле отырып автоматтандырылған бағдарлама қолданылды. Сыныптағы апталық оқу жүктемесі санитариялық қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген нормативтерінен аспайды. Санитариялық қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес сабақ кестесін құру кезінде оқушылардың күн мен апта ішінде ақыл-ой қабілетінің динамикасы ескерілді және қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі қолданылды.

Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимі қолданылды. Қыркүйек айында үш сабақ 35 минуттан, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін жоспарланды.

Мектептің сабақ кестесі міндетті пәндер мен элективті курстарға жеке жасалған. Факультатив сабақтар мен элективті курстар сабақ кестесіндегі міндетті пәндердің көлемі ең аз күндері өткізіледі. Мектептегі сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспайды. Оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы кемінде - 5 минуттан, екі үлкен үзіліс: екінші және төртінші сабақтардан кейін әрқайсысы 15 минуттан беріледі.

2023-2024 оқу жылында санитариялық қағидалардың 4-қосымшасындағы кейбір талаптардың, оның ішінде қиындық бойынша пәндерді саралау кестесіне сәйкес келмейтіндігі анықталды:

- жоғары сыныптардағы химия және алгебра пәндері;
- орта буындағы көркем еңбек пәні.

Өндірістік қажеттілікке байланысты сабақ кестесіне өзгерістер енгізілді, атап айтқанда:

- математика пәні мұғалімдерінің сағат жүктемесінің өзгертілуі;
- химия пәні мұғалімінің декреттік демалыстан жұмысқа қайта шығуы.

2023-2024 оқу жылынан бастап мектептің орта буынында көркем еңбек пәні сынып оқушыларының толымдылығына

қарамастан ұлдар мен қыздар тобына бөлініп оқытылады. Сол себепті, көркем еңбек пәнін бір ғана мұғалім-Кайкина Н.А. жүргізетіндіктен, 7 «А», 8 «Ә», 9 «А» сыныптарындағы ұлдар тобына көркем еңбек бірінші сабаққа қойылса, қыздар тобына соңғы сабаққа қойылып отыр. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығының 9, 10 тармақшасына сәйкес аптасына бір рет өтілетін сынып сағаты сабақ кестесіне енгізілді. Сабақ кестесіндегі пәндердің атаулары оқу-жұмыс жоспарындағы электронды күнделіктегі пәндердің атауларына сәйкес келеді. Сабақ кестесі қосымшада көрсетілген.

Сабақ кестесі:

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/drive/folders/1Q6silQUVybLqB-n56BDOX2T7PingGJfF?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы:

<https://drive.google.com/drive/folders/1nw12J8cN5FZosgkNkg1YFRkiVaDTnKlm?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/drive/folders/1OyK3nGhwBByKFTi8lcJ55HJXqfQcyrEZ?usp=sharing>

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізілетін оқу пәндерінің базалық мазмұнын меңгеру. Мектептің оқушылары жалпы білім беретін пәндердің типтік оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұнын меңгерді.

Оқыту бағдарламаларының орындалуына талдау жасалды. Оқу жоспарының пәндері бойынша бағдарламалық материалды өту оқу жылының басында бекітілген оқу жұмыс жоспарларына және жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. «Егер сабақтың күні мереке күндеріне сәйкес келсе және ауа райы жағдайлары, сабақтың тақырыбы оқу мақсаттары академиялық пәндегі ұқсас байланысты тақырыптармен мақсаттармен біріктірілуі, интеграцияны ескере отырып, көрсетілген күндерге дейінгі және кейінгі сабақтарда аз сағаттарда оқытылады. Бұл жағдайда қосымша сағаттар бөлінбейді. Электрондық журналдарда аралас сабақтардың тақырыптары (тақырыпты тығыздау) №1, №2. 12.08.2020 жылғы №340 ҚР БҒМ бір жолда көрсетіледі.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2023 жылғы

18 тамыздағы №264 бұйрықпен 1,2 қосымшалар толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

Білім берудің бастапқы деңгейі.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны оқу пәндерінде жүзеге асырылды:

1-ші қазақ тілінде оқытатын сыныпта «Әліппе», «Ана тілі»; орыс тілінде оқытатын сыныпта «Букварь», «Обучение грамоте» оқытылады.

«Қазақ тілі» (2-4 сыныптарда), «Әдебиеттік оқу» (2-4 сыныптар), «Орыс тілі» (2-4 сыныптар), «Қазақ тілі» (оқыту орыс тіліндегі 1-4 класс), «Литературное чтение» (2-4 класс), «Шетел тілі» (3-4 сыныптар);

Инвариативті компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 1-4 сыныптар-37 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 1-4 сыныптар - 43 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», "Цифрлық сауаттылық" оқу пәндерінде жүзеге асырылды.

Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 1-4 сыныптар-21,5 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 1-4 сыныптар сыныптар-21,5 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде жүзеге асырылды. Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 1-4 сыныптар-6 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 1-4 сыныптар - 6 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәндерінде жүзеге асырылды. Инвариативті компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 1-4 сыныптар - 4 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 1-4 сыныптар - 4 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка» (1-4 сыныптар), «Көркем еңбек» (3-4 сыныптар),

«Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» (1-2 сыныптарда), Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 1-4 сыныптар - 10сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 1 – 4 сыныптар-10 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Денешынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру"оқу пәнінде жүзеге асырылды. Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 1-4 сыныптар-12 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 1-4 сыныптар-12 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен 6-7 қосымшалар толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

Негізгі орта білім деңгейі.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны оқу пәндерінде жүзеге асырылады: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» қазақ тілінде оқытатын 5-9 сыныптар үшін, «Русский язык», «Русская литература» орыс тілінде оқытатын 5-8 сыныптар үшін, « Казахский язык и литература» орыс тілінде оқытатын 5-8 сыныптар үшін, "Орыс тілі және әдебиеті» қазақ тілінде оқытатын 5-9 сыныптар үшін, «Шетел тілі». Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9 сыныптарда-66 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 5-8 сыныптар - 48 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде жүзеге асырылды. Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9 сыныптар-36 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 5-8 сыныптар-24 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде жүзеге асырылды.

Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9 сыныптар-35 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 5-8 сыныптар-19 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінде іске асырылды. Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9 сыныптар-19 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 5-8 сыныптар-12 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінде жүзеге асырылды. Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9 сыныптар - 10 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 5-8 сыныптар – 8 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде жүзеге асырылды. Инварианттық компоненттің сағат саны:

Оқыту қазақ тіліндегі 5-9 сыныптар-18 сағат жалпы апталық жүктеме

Оқыту орыс тіліндегі 5-8 сыныптар-12 сағат жалпы апталық жүктеме.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен 39-41 қосымшалар толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

Жалпы орта білім деңгейі.

10-11 сыныптар жаратылыстану- математикалық бағыт

Оқыту қазақ тіліндегі 10-11 сыныптарда жалпы апталық жүктеме-35 сағатты құрайды.

Оқыту орыс тіліндегі 10-11 сыныптада жалпы апталық жүктеме-36 сағатты құрайды.

Инварианттық компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру үшін сағат саны мектептің Оқу-жұмыс жоспары толық көлемде орындалды және іс жүзінде (инвариант) деректер "Күнделік" электрондық базасында енгізілді.

Қорытынды: оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3). Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Мектептің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысы бойынша жұмыс жоспарлары жасалған. Тәрбие жоспарларында оқушылардың субъективті жаңа білімді тану және меңгеру мәселерін шешуге, ұлттық салт-дәстүрді, мәдениетті зерделеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған іс-шаралар 8 бағыт ішінде көрсетілген және жоспарланған.

Тәрбие жұмысының жоспары:

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1JHIFw6wnEvL77FbKyrhB1PxUjP0zcvEB/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1UKngFTkyuY88QAI-rIBWGWCB5GP3i8Mm/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылы:

https://drive.google.com/file/d/1UQz8mZtq_ETzTjI0XI5R_pUgF14Om0hE/view?usp=sharing

Оқу жылдары	2021-2022	2022-2023	2023-2024

		<p>Тәрбие бағыттары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие 2. Рухани-танымдық тәрбие 3. Ұлттық тәрбие 4. Отбасылық тәрбие 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие 6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие 7. Зияткерлік тәрбие ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты 	<p>1. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Рухани-адамгершілік тәрбие 3. Ұлттық тәрбие 4. Отбасылық тәрбие 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие 6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу 7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық мүдде 2. Ар-Ұят 3. Талап
<p>2021-2022 оқу жылында мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуі, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау мақсатында жұмыстар атқарылуда. Тәрбие ісіне байланысты нормативтік құжаттар, нұсқаулық хаттар, мектепшілік тәрбие жоспарларының жоспарлануы, құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-анамен жұмыс, үйірмелердің өтуі, тәрбиелік бұрыштардың безендірілуі, сынып сағаттарының жоспарлануы және журналға сынып сағаттарының толтырылуы, іс-шараларының өту формалары, білім алушылардың тәрбиелік деңгейін және жалпы тәрбиеге байланысты өткізілетін іс-шаралардың өту деңгейі қанағаттанарлық. Жалпы мектеп білім алушылары сабақтан тыс уақыттарда үйірмелермен қамтылған, жүргізілген жұмыстардың құжаттары жинақталған.</p> <p>Мектептің бағаланатын кезеңге ұсынылған тәрбие жұмысы жоспары құрылған және тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған мәселелерді қамтиды.</p> <p>Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру барысында іс-шаралар жүргізілуде.</p> <p>Алғыс айту күні мерекесі ортақ тарих, барлық этностардың бір-біріне және қазақ халқына қолдауының арқасында бастан кешкен бірлескен қиындықтарды еске алу негізінде көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау және дамыту мақсатында енгізілді. Алғыс айту күнін мерекелеу қарсаңында сынып сағаты өткізілді. Білім алушылар ұстаздарына арнап, «Алғысым шексіз, ұстаздар» челленджін ұйымдастырып, ұстаздарға алғыстарын білдірді.</p> <p>22-Наурыз ұлыстың Ұлы күніне орай іс-шаралар өткізілді. «Көрісу», «Жоралғы күні» бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңғыртылып, салт-дәстүрлердің, ырым-тыйымдардың адам қоғам</p>				

өміріндегі маңызы түсіндірілді. 7 «А» «Б» сынып білім алушылары өз қолдарымен сыйлықтар жасап ата –аналарына, жақын туыстарына, достарына сый-сияпат көрсетіп, қуанышқа бөледі.

Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық тағамдарымызды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын жалғап, молшылық пен байлықтың бастауы болған ақ дастарқанымыздың алғашқы асы нанымыз көп, уайым –қайғымыз жоқ болсын деген ізгі тілекпен жоспарланған «Бауырсақ пати» акциясына мектеп оқушылары ат салысты. Бұл іс шараға 22 оқушы қатысты.

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні.Біздің мемлекетіміз-Қазақстан Республикасы үлкен аумақты алып жатыр. Біздің еліміздің барлық жерінде әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, жұмыс істейді: қазақтар, орыстар, ұйғырлар, кәрістер, украиндар, немістер, татарлар, өзбектер және басқа ұлт өкілдері.Әр сынып өз тиеселі ұлттың биін, өлеңін және ұлттық тағамдарын таныстырды.

КСРО Халық әртісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл (1922-2011жж.) "Оның есімі халық жүрегінде" сынып сағаты (Роза Бағланованың 100 жылдығы). Мақсаты: көрнекті әншінің өмірлік және шығармашылық жолын еске түсіру, патриотизм сезімін, Отанға, өнер мен музыкаға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

9- ақпан Мұқағалидің туған күніне орай «Ақиық ақын- Мұқағали Мақатаев» тақырыбында сынып сағаттары өтіліп, ақынның шығармашылығымен танысып, поэмаларынан үзінді қойылым қойылды. Мектепшілік іс-шара өткізіліп, 4 «А»,6 «А», 8 «Б» сынып оқушылары ақын туындыларынан үзінді оқып, әндерін шырқады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған іс-шаралар.Тәрбиенің әр бағытының өзіндік ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, елдің болашағын, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытының маңыздылығын түсінеміз. Осы бағытта білім алушылар мен сынып жетекшілері және мұғалімдер болып бірқатар іс-шаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды. Жалпы тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан мектеп көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталды.

Бастауыш сыныптарда «Ата заң–біздің болашағымыз», «Ата заң – алтын тұғырым», «Ата заң-мәңгілік елдің берік тұғыры» оқушыларға Ата Заңымыз, адам құқықтары туралы түсінік беріп, оқушылардың өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету, өзіндік шешім қабылдай алу, құқықтық сауаттылыққа және Отанын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбилеу мақсатында өтілді. Ата заңымыз еліміздің арайлы азаттығымыздың айнымас айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары екені, ол еліміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары болып саналатынын атап көрсетті.

Ал ортаңғы және жоғарғы сыныптарда «Абай- дана, Абай –дара қазақта», «Ұлы Абай» тақырыптарында ұлы ақын және ойшыл Абайдың шығармашылығымен,өмірбаянымен таныстырып, Абай идеяларын насихаттай отырып, Абай туралы қарапайым түсінік беріп қана қоймай, оны ата-бабалар мұрасы ретінде тануға, құрметтеуге, түсінуге үйрету мақсаттарында сынып сағаттары өтілді.

Қазақстан Республикасы Ата Заңы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және

өткізу жөніндегі ұлттық іс- шаралар жоспарын орындау мақсатында ашық сабақтар өткізілді. Сынып сағаттарында мұғалімдер білім алушыларға Ата заңымыз және адам құқықтары туралы түсінік беріліп, білім алушылар өз міндеттері мен құқықтарын білуді үйретті. Бейне көріністер көрсетіліп, білімдері толықтырылды.

«Туған жерім - аялы алтын бесігім» тақырыбында тіл мамандарының ұйымдастыруымен шығармалар сайысы өткізілді. Шығарма барысында білім алушылар өзі туып өскен туған жері туралы бар ойларын жеткізе білді. «Туған жер- тұғырың, туған ел - қыдырың» атты тақырыптарда тәрбиелік сабақтар өткізіліп, оқушылардың бойынан туған жеріне, Отанға деген сүйіспеншіліктерін, іс- шарадан жақсы әсер алғандарын байқауға болады.

Жоғары сынып білім алушылар арасында «Рухани жаңғыру – ұлттық өрлеудің ұлы күші» атты дөңгелек үстел, «Барыстай батыл қадымда» атты әскери-патриоттық сайыс өтілді. 9-11 сынып арасында әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Болашаққа нық қадам» атты тренингтер т.б. сайыстар, сыныптан тыс жұмыстар, дөңгелек үстел, сабақтар ұйымдастырылды.

9-11- сыныптарда «Қазақстан әлемдік қоғамдастық жолында» ақпараттық сабақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тақырыптарында тарих және география пәндерінің мұғалімдері Луценко Рита Викторовна мен Баймолдина Жансая Әділханқызы іс - шаралар өткізді. «Қазақстан әлемдік қоғамдастық жолында» ақпараттық сабақта білім алушыларға ҚР қалыптасуы, оның әлемдік қауымдастықтың тең құқылы мүшесі болуы үшін түрлі халықаралық ұйымдармен байланысын, өзінің айналасындағы елдермен қауіпсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын сақтау қажеттігін түсіндіріп, қосымша материалдарды пайдалана отырып, оқушыларды ізденіске баулыды. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» «Киелі Түркістан» Түркістандағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесі салыну тарихы жайлы мағлұмат берілді.

Мектеп кітапханасында «Рухани жаңғыру. Мәңгілік ел" кітап көрмесі жасалды. Мектепте «Рухани жаңғыру» мұражайы ашылып, мұражайға ауылымыздағы еңбек ардагерлері жайында мәліметтер жиналып, туған жердегі өсімдіктер мен аң-құстардың фото суреттері қойылды.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия әлемінің қыраны» тақырыбында кеш өтілді. Мақсаты: ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. Оқушылар М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп айтып, әндері шырқалды. 8 -сынып оқушыларының дайындаған «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан көрініс көрсетті.

Тәрбие жұмысының маңызды бөлігі білім алушыларға патриоттық тәрбие ісіндегі мемлекеттік рәміздерді насихаттау болып табылады. Қазақстан Республикасының рәміздерін насихаттау мақсатындағы 2020-2021 оқу жылына жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып бекітілді. Жоспарға сәйкес жыл бойы Қазақстан Рәміздерін насихаттау жұмысы жүзеге асты. Мектеп дәлізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері бірегей

мемлекеттік стиль мен жасалып орнатылған.«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңын іске асыру мақсатында мектепте мемлекеттік рәміздерді тәрбие үрдісінде насихаттау бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Аптаның бірінші күні Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранын айтудан басталады. Оқушыларды мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарап, әр уақытта жадында сақтау үшін мектеп әкімшілігі мен оқушылардың өзі басқару ұйымы бірлесіп рейд жүргізіп отырады.

Салтанатты іс -шараларда мемлекеттік мереке, атаулы күндерді өткізу кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері міндетті түрде пайдаланылады.

«Тарихтан туған рәміздер» бейне викторина 5-6- сынып білім алушыларды мемлекеттік рәміздердің шығу тарихымен таныстырып , отаншылдық рухта тәрбиелеу мақсатында өтілді.

«Үмігін елдің арқалап,арманнан туған рәміздер» әңгімелеу сабағында отаншылдыққа, ұлтжандылыққа өз елін тегін,тарихын сүйеге тәрбиелеу барысында болды.

«Тәуелсіз елім- Қазақстаным» тақырыбында 1-11-сыныптар аралығында қабырға газеттері шығарылып, ілінді.

7-8 сыныптар арасында «Мемлекеттік рәміздер ұлттың айшықты таңбасы» тақырыбында эссе жазылды. Үздік жазылған эсселер іріктеліп алынып, білім алушылар марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 29 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралардың жоспары құрылып бекітілді.Жоспар бойынша мектеп кітапханашысы «Желтоқсанда құрбан болған боздақтар» желтоқсан құрбандарына арналған фотосуреттерден көрме ұйымдастырылды.

«Тәуелсіздік таңы- естен кетпес Желтоқсан» тақырыбымен 1-11 -сыныптардың 254 баласы қашықтықтан тәрбие сағаттарына қатысты. Сабақтар әр алуан формада өтті.

«Тәуелсіздік таңы» оқушылар шығармашылығынан өлеңдер шығарып, мәнерлеп өлең оқудан байқауға 5-6-7-8-сынып білім алушыларынан 30 бала қатысты. Байқауға білім алушылар өздерінің тәуелсіздік туралы жазған өлеңдерін оқыды. Байқау соңында жеңімпаздар анықталып, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мектептің кітапханашысы Илебаева Біраз мектеп кітапханасында «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» атты кітаптар көрмесін жасақтады..

Ұлы отан соғысындағы Жеңістің 76 жылдығы «**Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!**» ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарының басты мақсаты- оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Ұлы Жеңісті дәріптеу, өз Отанын,елін,туған жерін сүйу,туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, Отанын, туған елін қорғай білуге

тәрбиелеу және Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге тұту болды.

25 мамыр күні мектепте санитарлық- эпидемиологиялық талаптарды сақталған жағдайда соңғы қоңырау, аттестаттарды тапсыру іс-шаралары өтілді. Салтанатты жиынға мектеп түлектерінен басқа олардың ата-аналары қатысты.

Құқық бұзушылықтың алдын- алу жұмыстары: Жыл сайын мектеп үрдісінде оқу жылы басынан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алуда «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын- алу туралы» Заңын іске асыруда мектеп оқушылары тарапынан құқық бұзушылықпен қылмысты және қоғамға қарсы әрекеттердің алдын-алу мақсатында қоғамдағы мінез құлық тәртібін, құқықтық сананы ерте бастан қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында 2021-2022 оқу жылында кәмелетке толмаған білім алушылар арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында тәртібі қиын оқушыларға ерекше назар аударылып отырылды. Заңға қайшы қылық жасамайтын ұрпақ тәрбиелеу - біздің еліміздің азаматтық қоғамының қалыптасуының бір бөлігі болып табылады. Балалардың құқықтық санасының қалыптасуына олардың іс-әрекеттері, мұғаліммен, құрдастарымен күнделікті өзара қарым-қатынас тәсілдері, мектептегі, үйдегі қарым-қатынас, мінез- құлықтарын дұрыс қалыптастыру мақсатында атқарылған іс-шара түрлері мына төмендегідей бағытта жүргізіліп отырылды. Мектепте оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер және Құқық бұзушылықтың алдын алудың өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі АІБ біріккен жұмыс істеудің жинақтау жоспары жасалынған. Құқық бұзушылықтың алдын алу- жөніндегі іс-шараларды іске асыру мәселелері күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Осы бағытта құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары педагогикалық кеңес, директор жанындағы отырыстардың күн тәртібінде қаралып отырылды. Тәртіп бұзушылықтың алдын алу және тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін және өз міндеттерін орындамайтын ата-аналардың тәртібін сынға алатын «Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі» құрылған. 2021-2022 оқу жылында мектепшілік және есепке алынған оқушылар қалалық есепте тұрған білім алушылар анықталған жоқ.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:

2022-2023 оқу жылдары мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары мен патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін –өздері тануларына әлеуметтенуі, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау мақсатында жұмыстар атқарылуда. Тәрбие ісіне байланысты нормативтік құжаттар, нұсқаулық хаттар, мектепшілік тәрбие жоспарларының жоспарлануы, құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-анамен жұмыс, үйірмелердің өтуі, тәрбиелік бұрыштардың безендірілуі, сынып сағаттарының жоспарлануы және журналға сынып сағаттарының

толтырылуы, іс –шараларының өтілу формалары.оқушылардың тәрбиелік деңгейін және жалпы тәрбиеге байланысты өткізілетін іс-шаралардың өту деңгейі қанағаттанарлық Жалпы мектеп оқушылары сабақтан тыс уақыттарда үйірмелермен қамтылған,жүргізілген жұмыстардың құжаттары жинақталған. Мектептің бағаланатын кезеңге ұсынылған тәрбие жұмысы жоспары құрылған және тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған мәселелерді қамтиды.

Рухани-адамгершілік тәрбие-жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

1 қазан- қарттар күніне «Қарттарын қадірлеген Ел ардақты» ардагер-ұстаздарға құттықтау хаттар жазылып, таратылды. «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» тақырыбында ұстаздарды құттықтау шарасы өткізілді.

«Өзін- өзі басқару күні» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Ұстаз деген жарық күні ғаламның» атты тақырып бойынша ұстаздар күні мерекесі аталынып өтілді. Басты мақсат: оқушылардың өзін- өзі басқаруын дамыту, өз беттерінше шешім қабылдауға бағыттау. Дублер күні ұйымдастырылып, 11-сынып оқушылары ұстаз болып, сабақ өткізді.

«Қоғамға қызмет» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектеп оқушыларынан құрылған волонтерлық топ қайырымдылық іс- шарасына атсалысты. Еріктілерден құрылған топ қария ата- әжелерімізді құттықтап, үй шаруасына көмектесіп, жер үйде тұратын қария тұрғындардың ауласын жинады. Сонымен қатар көшеде үлкен кісілердің сөмкелеріне көмектесіп, үйлеріне дейін заттарын тасып берді. Қайырымдылық жасауға баулу өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік қасиет қалыптастыруға ықпал етеді.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («*Кітап оқу – сән*») арттыру мақсатында білім алушылар арасында **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы жалғасуда. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

«Армысың көктем-Әз Наурыз» атты концерттік бағдарлама өскелең ұрпаққа тарихымызды, салт-дәстүрімізді, ән – билерімізді дәріптеу мақсатында мектеп оқушыларымен мұғалімдер бірлескен концерттік бағдарламада ән салып, би

билеп, салт дәстүрден көрініс көрсетілді.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бағытын іске асыруда Балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Білім алушылар бойында патриоттық, азаматтық, құқықтық тәрбие қалыптастыруда Абайдың: «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген сөздерін алғашқы сатысы деуге болады.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды және

1 қыркүйек күнгі бірыңғай тәрбие сағаттары «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында өткізілді.

Салтанатты жиын өткізудегі басты мақсат:

Жаңа оқу жылы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл –күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Салтанатты жиыннан соң барлық сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылды.

Сонымен қатар сынып сағаттарына кәсібінде елеулі жетістіктерге жеткен, отаншылдық құндылықтардың үлгісі болып табылатын құрметті қонақтар шақырылды. Бірыңғай сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнероликтер Bilim_quni хэштегімен орналастырылды.

Мектептің тәрбие жұмысының жоспарын басшылыққа ала отырып мектеп Парламентінің жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Өткізілген іс-шаралар бойынша барлық жұмыстар мен ақпараттар мектептің әлеуметтік желісіне салынып отырады.

Мектеп парламентінің қалыптасқан құрылымы көздеген нәтижелерге жетуде. Парламентші тек мектептің белсенді іс-шараларды ұйымдастырушы ғана емес сондай-ақ мектептегі тәртіп мәселелеріне де назар аударады. Жыл бойы Мектеп парламентінің отырыстары үнемі өткізіліп тұрады, онда әр түрлі мәселелер қаралады. Мысалы: жұмыс жоспары, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, атқарылған жұмыс туралы есептерді тыңдау.

2022-2023 оқу жылында Мектеп парламенті көшбасшылары

мектептегі іс-шаралар: Дублер күні, мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерт, жаңа жылдық мерекелер, қайырымдылық акциялар, алғыс айту күні, 8 наурыз мерекесі, жолда жүру, спорттық және салауатты өмір салты бойынша түрлі іс-шаралар өткізді.

Мектеп парламенті өз жұмысында жұмыстың барлық бағыттарын қамтуға тырысады.

Мектеп парламентінің және аға тәлімгердің жетістіктері

1	Құқық және тәртіп фракциясы	Іс-шара	Орын
2	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы	“Дарындылар додасы” байқауы.	Қатысқаны үшін.
3	Мәдениет және өнер фракциясы	Қалалық «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!» байқауы. «Үздік бейнеролик»	номинация.
4	Экология және еңбек фракциясы	Қалалық «Құстарға жем беру» акциясына .	қатысқаны үшін.
5	Аға тәлімгер	ҚББ басшысы грамотасы	грамота
		"Жазғы мектеп жанындағы лагерь жұмысын ұйымдастыру жөнінде" семинар-практикум	сертификат.

2022-2023 оқу жылындағы мектеп парламенті жұмысы қанағаттанарлық деп есептеуге болады.

Бірақ әлде де барлық бөлімдердің жұмысын жандандыру қажет. Мұғалімдер мен оқушылар ұжымын жақындастырудың шарттары бірлескен ұжымдық қызметке қатысу болып табылады. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы

барлық оқушылардың басқаруға қатысуын қамтамасыз етеді. Ұйымдастырушылық және тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда көмегі орасан зор. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, тәлімгермен және оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымымен бірге көптеген жалпы мектепшілік іс-шаралар мен мерекелер ұйымдастырылды және өткізілді, ("Арайлы Алтын күз" суреттер байқауы; колөнер және суреттер байқауы; викториналар мен сынып сағаттары, салауатты өмір салтының алдын алу бойынша акциялар (СӨС); денсаулыққа бағытталған бейнероликтер жинағы; Қазақстан Тәуелсіздік күніне арналған іс – шаралар; 25 қазан Республикасы күні, 8 наурыз, Наурыз мейрамы, 9 мамыр, соңғы қоңырау және т.б.). Мектептің өзін-өзі басқару жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Мектеп оқушылары Қарттар күніне арналған қайырымдылық концертіне қатысады. Осының арқасында балалар мен жасөспірімдер көмекке мұқтаж қиындыққа тап болған адамдарға көмектесуді үйренеді. Мектептің өзін-өзі басқару кеңесінің қатысушылары мектеп қызметіне белсенді қатысады.

Оқу жылы ішінде сынып жетекшілері 1-11 сынып оқушыларымен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізеді:

Нұсқаулық түрлері және нұсқаулар.

1. Білім алушылардың еңбегін қорғау жөніндегі Нұсқаулық (кіріспе нұсқаулық).
2. Бастапқы (қайталама нұсқама) өткізу жөніндегі нұсқаулықтар:
3. Жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бойынша нұсқаулық.
4. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық.
5. Электр қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық.
6. Белгісіз пакеттер анықталған кезде қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулар.
7. Аулада, көшелерде, үйде және қоғамдық орындарда жағымсыз жағдайлардың алдын алу жөніндегі нұсқаулық.
8. Қоғамдық көліктегі қауіпсіз мінез-құлық жөніндегі нұсқаулық.
9. Жазғы, күзгі-қысқы және көктемгі кезеңдерде су айдындарында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бойынша нұсқаулық.
10. Нұсқаманың нысаналы түрлері бойынша нұсқаулықтар:
11. Серуендеу, туристік жорықтар, экскурсиялар кезінде еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық.
12. Нұсқаудың жоспардан тыс түрі бойынша нұсқаулық:

13. Жәбірленушіге алғашқы көмек көрсету жөніндегі нұсқаулық.

Мектептің тәрбие жұмысының жетістіктері мен проблемалары педагогикалық кеңестің отырыстарында, директор жанындағы кеңестерде үнемі қаралады. Педагогикалық кеңестер сынып жетекшілерінің, тәрбие процесінің барлық қатысушыларының балаларда адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты ұйымдастыру және азаматтық-патриоттық сезімдерді қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған білім алушылардың жеке қасиеттерін тәрбиелеу бойынша жұмыс тәсілдерін, әдістері мен нысандарын пайдалану жөніндегі ұжымның жұмысын талдайды.

Мектептегі әлеуметтік-психологиялық жұмыс білім алушыларды әлеуметтік -психологиялық қолдау мақсатында 25 тамыз 2022 жылдың № 377 бұйрығының негізінде «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы 46-25 тармақшасына сәйкес жұмыс атқарылады. Нақты алгоритмі бар, оқу жылы ішінде профилактикалық, диагностикалық, консультациялық, түзету жұмыстарын және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды жүргізуді көздейді.

Психологиялық-педагогикалық жұмыс 2021-2024 оқу жылы ішінде мектептің жылдық жұмыс жоспарына және педагог-психолог жоспарына сәйкес жүргізілді.

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісіне қатысушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, білім беру оқушылардың психологиялық саулығына жағдай туғызу үшін оңтайлы жағдайлар жасауға ықпал ету.

Міндеттері:

- Оқу-тәрбие барысында жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу психологиясы барысында үздіксіз жетілуіне, дамуына психологиялық қажеттілік қалыптастыру;
- Мектепке бейімделу кезеңінде балаларға психологиялық қолдау көрсету;
- Оқушының әрбір жас аралығында тұлғааралық, интеллектуалды және кәсіби-бейіндік дамуын қамтамасыз ету, табиғи танымдық қабілетін дамыту
- Әр балаға тиісті жеке түрдегі жұмысты қамтамасыз ету;
- Оқушының интеллектуалды және тұлғалық дамуының ауытқуын психологиялық-педагогикалық зерттеу, профилактикалық және коррекциялық жұмыс жүргізу;
- Балаларды тәрбиелеудегі туындаған қиыншылықтар және отбасындағы микроклиматты жақсарту бойынша ата-аналарға кеңес беру;
- Мектептің күнделікті тыныс-тіршілігіне педагогикалық психология және балалар психологиясының соңғы жетістіктерін енгізе отырып, білім беру үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алуға, тәрбие жұмысын оңтайлы ұйымдастыруда әкімшілікке, мұғалімдерге бағыт-бағдар беру, көмек көрсету.
- Педагогтардың шеберліктерін жетілдіруде балалар психологиясының ерекшеліктерін терең зерттеп, анықтай білулеріне көмектесу;

Жұмыс нысандары:

- бақылау;
- әңгіме;
- сауалнама;
- білім беру сабақтары;
- тренингтер;
- кеңес беру;
- ойын технологиясы;
- art терапиясы;

2021-2024 оқу жылында негізгі қызмет түрлері бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда:

2021 - 2022 оқу жылының басынан бастап 5-11 сынып оқушыларымен 49 тренинг жүргізілді, «Не үшін мені жақсы көреді?», «Мен де...», «Ыстық орындық», «Мамандығым мақтанышым», «Бес саусақ», т.б. тақырыптарда.

Жеке консультация 27, топпен жұмыс 28 сынып.

2022-2023 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларымен 70 топтық жұмыс /тренинг, жаттығулар/ 95 жеке кеңес берілді. «Сағат», «Айна», «Менің көршім», «Орындық», «Жіп», «Бірігу», «Кім тез», «Два корректора», «3,5,7», «Жақсы көңіл-күй», «Жақсы қарым-қатынас», «Позитивті ойлау», «Мен достарыммен біргемін», «Мен өмірге құштармын» т.б. тақырыптарды тренингтер жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларымен 42 топтық жұмыс, 44 жеке кеңес берілді. «Менің отбасым», «Орын ауыстыру», «Сурет», «Сказка», «Достық», «Мені не үшін жақсы көреді», «Ключ», «Сым үстіндегі құстар» т.б. тақырыптарды тренингтер жүргізілді.

Мектепте психологтардың жұмысы заманауи қауіпсіз цифровизация талаптарына сай автоматтандырылған компьютерлік бағдарлама қолданылады: АСППМ HR+ онлайн платформасы жұмыс барысында кең пайдаланылып отыр. WI-FI интернетке қолжетімділігі қаматамасыз етілген.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында әр квартал сайын 5-11 сынып оқушыларымен жоспар бойынша аутодеструктивтік мінез құлықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар жүргізіліп отырады.

2022-2023 оқу жылының басынан бері психологтар оқушылармен өткізетін жұмыстарды ата аналардың келісімімен ғана өткізеді

Психологтың «Ерекше назардағы» оқушылар тізімінде

2021-2022 оқу жылында қауіпті топта 2 оқушы;

2022-2023 оқу жылында 10 оқушы;

2023-2024 оқу жылында 7 оқушы;

Балалардың мектепшілік «Ерекше назар» есебіне алыну себептері:

Бұл оқушылар АСППМ HR+ онлайн платформасы бағдарламасымен алынған сауалнамада қызыл деңгейді көрсетіп отыр.

Бұл оқушылармен тізімге алынған күннен бастап, мектеп психологы ретінде арнайы жоспар құрылып сол

бойынша психологиялық жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік педагогымен бірігіп баланың отбасына барып, отбасының әлеуметтік жағдайымен танысып АКТ жасалынды. Оқушыларды қалыпты өмірге бейімдеу мақсатында, мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалауға алынды. Оқушылардың күнделікті сабаққа келуі, тәртібі, көңіл-күйі, күн тәртібі жоспарланып, түрілі іс-шараға қатысуы қадағаланды.

Оқушылармен өмірге бейімдеу, рухани құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында, өмірге оң көзқараспен қарай білуге үйрету мақсатында, «Өзінді-өзің танысаң істің басы», «Өмір сүре білу әр адам үшін сынақ» атты психологиялық сабақ жүргізілді. Оқушы бойындағы қорқыныш, үрейді түсіру мақсатында, «Қорқыныштың суретін сал және оны күлкіліге айналдыр», «Қар қиыршығы», «Алфавит» атты тренинг-жаттығулар жүргізілді. Оқушыларды психологиялық қолдау мақсатында «Өзінді-өзің бейімдеудің алты мүмкіндігі», «Өзінді-өзің қорғаудың 8 тәсілі» атты жадынамалар таратылды.

Заңсыз әрекеттердің алдын алу, қиын жағдайда жүрген білім алушыларға уақтылы көмек көрсету үшін мектепте "Сенім жәшігі" орнатылған. "Сенім жәшігі" жұмысы барысында балалар мен жасөспірімдердің заңсыз әрекеттеріне және білім алушыларға көмек көрсетуге байланысты хаттар, өтініштер түскен жоқ.

Оқушылармен өмірге бейімдеу, рухани құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында, өмірге оң көзқараспен қарай білуге үйрету мақсатында, «Өзінді-өзің танысаң істің басы», «Өмір сүре білу әр адам үшін сынақ» атты психологиялық сабақ жүргізілді. Оқушы бойындағы қорқыныш, үрейді түсіру мақсатында, «Қорқыныштың суретін сал және оны күлкіліге айналдыр», «Қар қиыршығы», «Алфавит» атты тренинг-жаттығулар жүргізілді. Оқушыларды психологиялық қолдау мақсатында «Өзінді-өзің бейімдеудің алты мүмкіндігі», «Өзінді-өзің қорғаудың 8 тәсілі» атты жадынамалар таратылды.

Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс маңызды бағыт болып табылады. Мектеп оқушыларымен жұмыс жоспарына сәйкес сынып сағаттары өткізіледі, ата-аналар жиналыстарында жадынамалар таратылады.

Оқушылар арасында суицидке әрекет, жасалған суицид туралы мәлімет:

Оқу жылы	Суицидке әрекет және жасалған суицид	Суицид жасау тәсілі	Жасы	Жынысы	Отбасы
2021-2022	0	0	0	0	0
2022-2023	0	0	0	0	0
2023-2024	0	0	0	0	0

«Буллингтің алдын алу» бойынша тренингтік сабақтардың ұйымдастырылуы және өткізілуі:
 - Балаларға қатыгездік
 - Есте сақтауды дамыту (шағын дәріс+ әңгіме)

- Мазасыздықтың алдын алу
- Уақытты басқару (шағын дәріс+ әңгіме)
- Кәсіптік бағдар (таңдау қадамдары, критерийлер, ұсыныстар)
- Стресс және онымен қалай күресуге болады
- Қыздар мен ұлдардың репродуктивті денсаулығы
- СӨС әдеттері
- Режим және мінез-құлық
- Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу-ата-аналар мен мұғалімдер
- Психологиялық денсаулық онкүндігі
- Оқушылардың сипаттамалары
- Жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу
- Үлгермеген балаларды анықтау, коммуникативтік шағын тренинг.

Салауатты өмір салты туралы әңгіме. Жеке әңгімелер: "мектептегі мінез-құлық ережелері", "мен және менің достарым", "менің құмарлықтарым", "мен қандай", "мен құрметтеуге болатын нәрсе", "менің әлеуметтік шеңберім".

Оқушылардың ата-аналарымен жеке кездесулер, консультациялар, әңгімелер, ата-аналар дәрістері ұйымдастырылды, ата-аналар жиналыстарында кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу, суицидтің алдын алу, 1, 5, 10 сыныптарға бейімделу, оқушылардың кәсіптік бағдарлануы бойынша бірқатар дәрістер өткізілді. Сондай-ақ оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға қарым-қатынас мәселелері және жеке мәселелер бойынша зерттеу нәтижелері бойынша жеке және топтық консультациялар өткізілді.

Кеңес беру/сөйлесу себептері:

- оқу проблемалары, оқу үлгерімі
- сабақты өткізіп жіберу және кешігу
- мінез-құлық және сөйлеу
- қақтығыстар, көз жасы
- сыныптағы, отбасындағы қатынастар және құрдастарымен тұлғааралық қатынастар.
- мұғалімдердің немесе ата-аналардың сұраулары
- қорқыныш, үрей, эмоционалды тұрақсыздық
- өзін-өзі бағалау, сенімсіздік
- теріс, агрессия
- жасөспірім
- кәсіптік бағдар беру
- салауатты өмір салты, жаман әдеттер, пайдалы әдеттер

Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметі жадынамалар әзірледі:

- Ата-аналар мен педагогтар үшін «Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу»;

- Ата-аналар мен педагогтар үшін «Бесінші сынып оқушыларын бейімдеу»;
- Ата-аналар мен педагогтар үшін «Оныншы сынып оқушыларын бейімдеу»;
- Білім алушылар үшін «Емтиханға психологиялық дайындық»;
- Білім алушылар үшін «Біз қорқытуға қарсымыз»;
- Білім алушылар үшін «Буллингке ұшыраған жағдайда...»
- Ата-аналар үшін «Зорлық-зомбылықтың алдын алу»
- Ата-аналар үшін «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу»

Мектеп оқушылары мен педагогтері үшін әлеуметтік-психологиялық ағарту бойынша стенд рәсімделді. Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, қазіргі таңдағы интернет желісіндегі қауіпті ойындар туралы жасөспірімдерге көмек тақырыбында ата-аналарға кеңестік және түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Балаға қатысты кибербуллинг және буллинг мәселелері жайында оқушыларға «Кибербуллинг деген не?», «Әлімжеттік, буллинг» деген тақырыптарда 7 – 11 сынып оқушыларына видео роликтер көрсетілді.

Мұғалімдерге « Буллинг: түрлері, себептері, алдын алу» жадынамалар таратылды.

5-11 сынып оқушыларының ата – аналарына «Буллинг: түрлері, себептері, алдын алу» , «Буллинг: белгілері, не істеу керек?» , «Егер бала кибербуллингтің құрбаны болса» тақырыптарында жадынамалар таратылды және слайдтар көрсетілді.

Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Сұрақтарды талқылағанда барлық оқушылар қызығушылық танытып, ой бөлісті. Оқушылар арасында буллинг немесе кибербуллингтен зардап шегіп жүрген оқушы анықталған жоқ.

Сонымен қатар тек оқушыларға ғана емес мектеп ұстаздарына жалпы мектеп ішілік ата – аналар жиналысында кибербуллинг және буллинг туралы айтылып, видео роликтер көрсетілді

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің ерекше назары оқушылар мен педагогикалық ұжымда қолайлы эмоционалды-психологиялық ахуалды құруға және қолдауға, білім алушылардың психологиялық және тұлғалық дамуындағы ықтимал жағымсыз құбылыстардың алдын алуға бағытталған.

Әлеуметтік-психологиялық профилактикалық жұмыс жеке балалармен , мұғалімдермен, ата-аналармен жүргізіледі. Суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс маңызды бағыт болып табылады.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушылармен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілуде:

- кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау мақсатында сауалнамалар алу;
- ата-аналарды немесе оларды алмастыратын, балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жасайтын адамдарды анықтау бойынша рейдтер ұйымдастыру және жүргізу;

- мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдермен чаттарда, ақпараттық стендтерде сенім телефондарын

орналастыру;

- ата-аналар чаттарына және жасөспірімдермен сөйлесулерге Сенім телефондары бар жадынамалар жіберу.
- 9-11 сынып оқушыларымен кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған топтық түзету-дамыту сабақтары

өткізіледі, оның барысында оқушылардың едәуір бөлігі мамандық таңдауда анықталады. «Мамандықтар әлемінде», «мамандықтарға сұраныс» тақырыбында тақырыптық әңгімелер, «Стресссіз емтихан» тақырыбында психологиялық тренингтер және т.б. сабақ барысында оқушылар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалайды, кәсіптік бағдар бойынша ата-аналар жиналыстары өткізіледі.

Заңсыз әрекеттердің алдын алу, қиын жағдайда жүрген білім алушыларға уақтылы көмек көрсету үшін мектепте "Сенім жәшігі" орнатылған. "Сенім жәшігі" жұмысы барысында балалар мен жасөспірімдердің заңсыз әрекеттеріне және білім алушыларға көмек көрсетуге байланысты хаттар, өтініштер түскен жоқ. Оқушылардың мінез-құлқында, оқуында, тұлғааралық қарым-қатынасында және балалардың әл-ауқатында, бейімделуде қиындықтарға тап болған балаларға көмек көрсетілді.

- Жасөспірімдермен түзету және дамыту сабақтары (агрессия және мазасыздық белгілері бар). Жасөспірім балалар өздерінің эмоционалдық әл-ауқатына және айналасындағылармен қарым-қатынасқа кедергі келтіретін өз проблемаларын, тәжірибелерін шешуді үйренді.

- Шығармашылық қабілеттерін және өмірге оң көзқарасын дамытуға бағытталған түзету-дамыту сабақтарын іске асыру. Мақсаты: сыныпты біріктіру, танымдық процестерді дамыту, шығармашылық әлеует пен жеке мүмкіндіктерді дамыту.

Жанжалдағы мінез-құлық стратегияларын дамытуға, эмоцияларды, толеранттылықты бақылауға, ұжымды біріктіруге, өзіне деген сенімділікке, өзін-өзі бағалауды, достықты, адамгершілікті арттыруға бағытталған бірқатар дамытушылық тренингтер өткізілді.

Жыл сайын психологиялық денсаулық онкүндігі өткізіледі.

СӨС, "тайм-менеджмент", "Ерте жүктілік", "қыздардың жыныстық тәрбиесі", "ұлдардың жыныстық тәрбиесі" тақырыптары бойынша әңгімелер. Психологтың сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шараларда, ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестер мен директор жанындағы кеңестерде сөйлеген сөздері болды.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт әрбір педагог-психолог қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Осы бағыт шеңберінде педагог-психолог біріншіден, өз қызметін жоспарлау мен талдауды жүзеге асырды (жылдық, апталық жұмыс жоспарын, статистикалық анықтаманы жасау); екіншіден, ағымдағы құжаттама жүргізілді (жұмыс журналын толтыру, жұмыс кестесін құру, анықтамаларды ресімдеу); үшіншіден, кеңес беруге материалдарды дайындау, ағарту, түзету және т. б. (мамандандырылған әдебиеттерді зерттеу, диагностикалық құралдарды таңдау, сөйлеу үшін материалдар дайындау).

Мектептің маңызды жұмысы заңсыз әрекеттердің алдын алу, құқықтық мәдениет нормаларын тәрбиелеу. Балаларды өгей әкелер мен бірге тұратын аналар тәрбиелейтін қолайсыз отбасылар мен отбасылар ерекше бақылауда. Ата-аналардың чаттарына буклеттер, баланы әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда, көшеде және үйден тыс

жерде қалай қорғауға болатындығы туралы практикалық ұсыныстар жіберіледі.

Кәмелетке толмағандарды деструктивті ұйымдарға тартудың алдын алу мақсатында сынып жетекшілері, психолог және әлеуметтік педагогы әлеуметтік желілерде тұрақты мониторинг жүргізеді. Білім алушылардың барлық санаттарымен учаскелік инспектор, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілері жеке-профилактикалық жұмыс жүргізеді. Жеке бақылау күнделіктері, пәтерге бару журналдары, әлеуметтік-психологиялық қызмет қызметін есепке алу журналы жүргізіледі. Осы білім алушылардың ата-аналарымен байланыс орнатылды.

Барлық кәмелетке толмағандар оқушылар мәдени – бұқаралық, спорттық іс-шараларына қатысады, үйірмелер мен секцияларға қатысады.

Күн сайын «Оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алу журналы», ай сайын сабаққа қатысу мониторингі жүргізіледі.

Жыл сайын мектептің әлеуметтік төлқұжаты жаңартылып отырады.

		Оқу жылы			
		2021-2022	2022-2023	2023-2024 01.09.	2023-2024 01.04.
1	Мектептегі оқушылар саны	214	203	164	171
	1 - 4 сынып	63	68	50	54
	5-9 сынып	114	108	95	96
	10-11 сынып	37	27	19	21
2	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім балалар саны	1	1	1	1
3	Әлеуметтік көмек алатын отбасы саны	4	4	2	3
	ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	9	10	6	8
4	Көп балалы отбасы саны	28	28	27	28
	ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	73	77	62	64
5	Аз қамтамасыз етілген отбасы	0	0	0	0
6	Қолайсыз отбасы саны	2	1	1	1
	жалпы бала саны	3	1	1	5
	ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	3	1	1	1

7	Толық отбасы саны	114	96	86	87
	ондағы бала саны	199	170	154	152
8	Толық емес отбасы саны	20	16	19	23
	ондағы бала саны	27	19	25	34
9	Өгей әкелерімен тұратын балалардың отбасы саны	1	4	4	4
	ондағы бала саны	2	6	4	4
10	Өгей аналарымен тұратын балалардың отбасы саны	1	1	1	1
	ондағы бала саны	1	1	1	1
11	Балалар анасының серіктесімен /сожителем/ тұратын отбасылар саны	3	5	2	4
	ондағы бала саны	4	6	3	4
12	Сенімхатпен тәрбиеленіп жатқан балалардың саны	8	12	12	12
13	Мүгедек балалар саны	1	2	2	2
	оның ішінде үйден оқып отырған балалар саны	1	2	2	2
14	Тәуекел тобындағы балалар саны	3	0	0	0
15	Мектепшілік бақылауға есепке алынған балалар саны	0	0	0	0
16	Ішкі істер бөлімінде есепте тұратын балалар саны	0	0	0	0
17	Ата-аналарының білімі:				
	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	65	52	45	45
	Техникалық және кәсіптік	75	75	50	50
	Орта	122	105	99	99

Әлеуметтік көмек алатын отбасы саны:

- 2021-2022 оқу жылында -4 (Қалтай Қ., Меркемелова Ж., Батырханқызы Г., Қабылда Г.);
- 2022-2023 оқу жылында -4 (Меркемелова Ж., Батырханқызы Г., Бөлекбаева Г., Қабылда Г.);
- 2023-2024 оқу жылының басында екеу болса (Батырханқызы Г., Бөлекбаева Г)
- 2-тоқсанда 3 отбасы болды, оның ішінде қосылғаны: Қабылда Г. (толық емес отбасы)
- Сенімхатпен тәрбиеленіп жатқан балалар 2022-2023 оқу жылынан 2 оқушыға артып отыр. Балалар санының көбею себебі ата-аналарына тұрғылықты мекен жай бойынша мамандықтарымен жұмыс

орындарының тапшы болуына байланысты.

Балалар анасының серіктесімен /сожителем/ тұратын отбасылар саны 2023-2024 оқу жылының басында 2 отбасы 3 оқушы (Олейников В., Когай Н.О., Когай М.О) болса, 2-тоқсанда 4 отбасы 4 оқушы болды, оның ішінде Когай Н.О. басқа мектепке ауысты және Болат Р., Кубиков Н.Б. келіп қосылды.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік осал топқа жататын оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде демеушілік көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылып отырады.

Оқу жылы	Көмек берген мекеме немесе жеке кәсіпкер	Берілген көмек сомасы, тг	Көмек алған оқушылар саны
2021-2022	ТОО «АСХОС»	130000	13
	Мектеп ұжымы	55000	16
	Мектеп түлектері	35000	1
	Барлығы :	220 000	30
2022-2023	ТОО «АСХОС»	75000	5
	Мектептің кәсіподақ ұжымы	20000	2
	Ашутасты ауылының мәдениет үйі	5000	1
	«Гүлдер» балабақшасы ұжымы	5000	1
	Барлығы :	105 000	9
2023-2024	ТОО «АСХОС»	66000	4
	Ашутасты ауылдық округінің әкімдігі	30000	2
	Жеке кәсіпкер Сатов Руслан Бахитович	10000	1
	«Гүлдер» балабақшасы ұжымы	17000	1
	Жеке кәсіпкер Таңатқанұлы Бауыржан	15000	1
	Барлығы :	138 000	9

2021-2022 оқу жылында акция бойынша жоғары көрсеткіштің себебі демеушілер мен мектеп ұжымы арасында қамқорлық акцияларын кеңінен дәріптеу жұмыстарының жүргізілуіне және оқушы санының көп болуына

байланысты.

"Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес және жалпыға бірдей білім беру қорынан білім алушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамту жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, оқушыларымыз буфеттік тамақпен қамтамасыз етілген. Білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру қызметіне жеке кәсіпкер «Мукаева Бакытжан Кенесбековна» жауапты болып табылады.

Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Оқушылар саны	100	90	65

Әр жыл сайын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылар санының азаю себебі әлеуметтік осал топқа жататын оқушылардың басқа қалаға қоныс аударуы, мектепті аяқтаулары және білім алушылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруы болып табылады.

Жаңа жылдық шыршаға қатынасқан оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	Президенттік шыршаға қатысқаны	Әкім шыршасына қатысқаны	Аз қамтылған отбасы балаларына арналған шыршаға қатысқаны	Мүгедек балаларға арналған шыршаға қатысқаны
2021-2022	1 оқушыға сыйлық берілді	Жаңа жылдық шыршалар болмады		
2022-2023	1	4	3	1
2023-2024	1	4	5	1

Жасөспірімдердің құқық бұзушылық әрекетін болдырмау және қараусыз қалмауына тәрбиелік жұмыстарын жетілдіру бойынша оқушылардың бос уақыттарын, әсіресе жазғы демалыс кезінде әлеуметтік қорғалмаған отбасы балалары, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім бала, ерекше білімді қажет ететін балалардың жазғы демалыс сәттерін қызықты өткізу үшін, әр оқу жылында жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен қала сыртындағы «Құрылысшы» лагеріне жіберіліп отырады.

«Құрылысшы» демалу лагеріне жолдама алған оқушылар көрсеткіші

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
----------	-----------	-----------	-----------

Оқушылар саны	8	8	10 оқушыны жіберу жоспарлануда
---------------	---	---	--------------------------------

Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылынан бастап Қазақстан халқына қоғамдық қорынан «Айналайын» лагеріне ауыл мектептерінен үздік, олимпиада және спорт шараларына белсенді, жетістіктері бар оқушыларға жолдама беріліп келеді.

«Айналайын» лагеріне жолдама алған оқушылар көрсеткіші

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Оқушылар саны	-	8	9 оқушыны жіберу жоспарлануда

Әр жыл сайын демалу лагеріне жіберілетін оқушылар саны көбейіп отыр. Әлеуметтік педагог жұмысы жеке балалармен де, балалар топтарымен де, сонымен қатар мұғалімдермен, ата-аналармен және баланың дамуына әсер ететін адамдармен жүргізіледі. Маңызды бағыт – балаларға қатысты қауіп қатердің, зорлық – зомбылықтың алдын алу. Зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау бойынша оқушылар арасында тоқсан сайын анонимді сауалнамалар және буллингтің алдын алу мақсатында түрлі тренингтер, оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Мектептің әлеуметтік желілерінде және оқушылар, ата-аналар чаттарына зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жадынамалар жіберіліп отырады, ақпараттық стендтерде сенім телефондарын орналастырылды. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Учаскелік инспектормен және ИДН инспекторымен бірлескен рейдтер өткізу, қолайсыз отбасыларға бару, білім алушылармен, педагогтармен және ата-аналармен дәрістер, әңгімелер өткізу. Білім алушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) бөтеннің мүлкін ұрлау, бүлдіру, қоғамдық қауіпті әрекеттердің, қылмыстардың алдын алуға бағытталған түсіндіру әңгімелесулерін өткізді. Айына бір рет ата-аналарға тұрмыстық және жол жарақаттануының алдын алу мәселелері бойынша буклеттер мен жадынамалар; кәмелетке толмағандар арасында иіскеудің таралуы мен қолданылуына қарсы іс-қимыл бойынша ата-аналарға арналған жадынамалар ресімделеді және табыс етіледі. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде мектепте тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған оқушылар анықталған жоқ.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін алдын алу жөніндегі кеңес қадағалайды. Кеңестің мақсаты: мектептің қараусыз қалудың, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысын ұйымдастыру, білім алушылар арасында тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау. Кеңес құрамына әкімшілік, психолог, әлеуметтік педагог, мектептің ата-аналар комитетінің мүшелері кіреді. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты талдау көрсеткендей: мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жолға

қойылған. Жалпыға бірдей құқықтық оқыту дәстүрлі болып табылады; учаскелік инспектордың әңгімелері, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер, ата-аналарға құқықтық білім беру және басқа да іс-шаралар. Соңғы жылдары мектеп оқушылары жасаған қылмыстар болған жоқ.

Жүргізілген жұмысты талдау келесі мәселелерді анықтады:

Ата-аналармен балаларын тәрбиелеу мен оқытуға жауапкершілікті арттыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған профилактикалық жұмысқа тарту бойынша жұмысты жандандыру қажет.

Оқушыларды үйірмелерге қатысуға белсенді тарту және әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасыларды уақтылы анықтап, оларға көмек көрсете отырып, қолайсыз отбасылармен профилактикалық жұмыстарды жүргізуді жалғастыру.

Бір-бірін толықтыратын және қолдайтын бірлескен күш-жігермен отбасы мен мектеп қажетті нәтижелерге қол жеткізе алады.

5) білім алушылардың жеке мүдделерімен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері):

А. Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте жалпы білім берудің үшінші кезеңінің ерекшелігі бейіндік оқытуға көшу болып табылады. Жалпы орта білім беру деңгейінде жалпы және кәсіптік білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп түлектерін кәсіптік жоғары білім беру бағдарламаларын игеруге даярлау қажет. Сабақтастық оқу бағдарламасының мазмұнын құрайтын білім мен дағдыларды нығайту, тереңдету және кеңейту арқылы жүргізіледі.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, бейіндік оқыту жүзеге асырылады. Оқушылардың қалауы мен сұраныстары ескеріледі. Профильді оқыту -профильге дейінгі дайындық (үйірмелер, факультативтер, таңдау бойынша курстар), кәсіптік бағдар беру жұмысы (жеке консультациялар) жұмыстар жүргізіледі. Бейіндік бағыт жаратылыстану- математикалық бағытта оқушылардың өз мүмкіндіктері, қабілеттеріне сәйкес мамандық таңдау мотивтері, мінез ерекшеліктерін, ата-аналар пікірін, оқушыдан алынған сауалнаманы ескере отырып таңдалды.

Бейіндік бағыт жаратылыстану- математикалық бағытта оқушылардың өз мүмкіндіктері, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында, кәсіби өзін-өзі анықтау мақсатында 11- сынып білім алушылары үшін тереңдетіліп оқытылатын пән: биология-география болып таңдалды. («21» тамыз 2021 жылғы педкеңес хаттамасы №1).

2021-2022 оқу жылында 11- сынып білім алушыларының толық еңбекпен қамтылуы-бейіндік бағытты дұрыс таңдалғанының көрсеткіші.

№	Оқушының аты-	Бейіндік пәні	Түскен оқу орны	Мамандығы	Оқу түрі
---	---------------	---------------	-----------------	-----------	----------

	жөні				
1	Каратаева Толганай Айдыновна	География- математика	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	Стандарттау сертификаттау және метрология (сала бойынша)	күндізгі грант
2	Жолдыбаева Аружан	Биология- география-	Н.Құлжанов атындағы Торғай гуманитарлық колледжі	мектепке дейінгі оқыту	күндізгі ақылы
3	Муратова Аружан Габитовна	Биология- география-	Тұран Астана	психолог	күндізгі ақылы
4	Раева Балжан Досымбековна	Биология- химия	Медициналық университет Астана	педиатрия	күндізгі грант
5	Файзуллина Диана Асланқызы	Биология- география-	Н.Құлжанов атындағы Торғай гуманитарлық колледжі	мектепке дейінгі оқыту	күндізгі ақылы
6	Свистун Людмила Михайловна	Биология- химия	«Аркалыкский медицинский колледж»	лечебное дело «Фельдшер»	күндізгі грант
7	Смелова Виктория Витальевна	Биология- химия	«Аркалыкский медицинский колледж»	лечебное дело «Фельдшер»	күндізгі грант

Бастауыш 1-4 сыныптарда «Менің ата-анамның кәсібі», «Менің болашақ мамандығым» тақырыптарында суреттер байқауы өткізілді. 5-8 сыныптар арасында «Жаңа мамандықтар әлемінде», «Менің арманымдағы мамандық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 9-дан 11- сыныптарға дейін балалардың белгілі бір қызмет түріне бейімділігін анықтау бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді. 9- сыныптарда «Арманымдағы мамандық» тренингі және «Мамандықта тап» викторинасы өткізілді. Ал 11- сыныптардың параллельдері арасында Гарднер сауалнамасы мен Голланд сынағы жүргізілді. Бұл сауалнамалар оқушының қандай қызмет түріне жақын екенін анықтауға мүмкіндік береді. «Менің болашақ мамандығым» тақырыптарында әңгімелер, баяндамалар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

2022-2023 оқу жылында 10-11 сынып білім алушылары жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейіндік пәндер жүргізілді, сол негізде жоғарғы оқу орындарына түсуіне өз ықпалын тигізді.

№	Оқушының аты- жөні	Бейіндік пәні	Түскен оқу орны	Мамандығы	Оқу түрі
1	Әмірбек Жанболат Жылкелдіұлы	Биология- география-	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік	Арнайы педагогика «Дефектолог»	күндізгі грант

			университеті		
2	Каратаев Нұрдәулет Айдынұлы	Математика-физика	Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	«Математика және физика»	күндізгі грант
3	Өмірзақ Әмина Еркебұланқызы	Биология-география-	Менеджмент бизнес және білім колледжі Астана қ	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	күндізгі грант
4	Қуатбек Тілек	Биология-химия	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Биология пәнінің мұғалімі	күндізгі грант
5	Лашынұлы Нұрлан	Математика-физика	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	Энергетика инженері	күндізгі грант
6	Бейсенбай Нұрымжан Жұмасұлтанұлы	Математика-физика	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	Энергетика инженері	күндізгі грант
7	Сейткалиева Ақнұр Дулатовна	Биология-география-	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	Арнайы педагогика «Дефектолог»	күндізгі грант
8	Сұлтанбек Ұлар Бүркітұлы	Математика-физика	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті	“Ақпараттық технологиялар”	күндізгі грант
9	Колосов Вадим Витальевич	Биология-география-	Ш. Қабылбаев атындағы ҚР ИМ Қостанай академиясы	Әскери психолог	күндізгі грант

2023-2024 оқу жылы қазіргі білім беру жүйесін ескере отырып орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын үздіксіз кәсіптік бағдар беру жүйесі құрылуда. Тәрбие жоспарына оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік бағдар беру бағытындағы жұмыстар кіріктірілді. 9-сынып білім алушыларына болашақ кәсіптің нұсқаларын жобалауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілді. Мектеп психологының белсенді диагностикалық жұмысы жүргізілді, мамандықты саналы түрде таңдау сабақтары өткізілді.

Жаратылыстану-математикалық бағытта білім алатын 1-тоқсанда вариативті компоненттің элективті курстары есебінде:

- 10 «А»сыныпқа - «Тарихи тұлғалар»

- 11 «А»сыныпқа -«Сөз мәдениеті» курстары тоқтатылып, төмендегі курстармен алмастырылды. («01» қараша 2023 жылғы Бұйрық № 190, 191)
- 10 «А»сынып - «Саяси география және геосаясат негіздері» курсы
- 11 «А»сынып - «Геоэкологиялық зерттеулер негіздері».

Қорытынды: Мектептің жұмыс жоспарының вариативтік компонентін бөлу бейіндік талаптарына сәйкестендірілді.

10-11-сыныптарда оқушының жеке басына тән келесі ерекшеліктері зерттелді: құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, бейімділігі, кәсіби ниеттері, мамандық таңдау мотивтері, мінез ерекшеліктері. Осы кәсіптік бағдарлау диагностикасы мектеп оқушыларының табысты кәсіби өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру шарттарының бірі болып табылады.

№	Атқарылған іс- шаралар	сыныбы	жетекші
1	«Кәсіптік бағдар- болашаққа бағдар» пікір алмасу	9А	Менкин Б.Ж.
2	"Балаға мамандықты таңдауға қалай көмектесу керек?" ата- аналармен әңгіме	9А	Менкин Б.Ж.
3	Бейінді білімге сауалнама	10Б	Драганчук Е.А.
4	«Мамандықтар лабиринтінде» сынып сағаты	10Б	Драганчук Е.А.
5	«Мен-таңдайтын мамандық» сынып сағаты	11А	Бүркітбаева З.Г.
6	«Мамандық таңдауда-өз мүмкіндігіңді бағала!»	11Б	Муханбетжанова Г.Р.
7	«Менің таңдауым» әңгіме	11Б	Муханбетжанова Г.Р.

Дәл қазір мектеп түлектері мамандық таңдап жатыр. 9 -сыныпта 2 оқушы, 11- сыныпта 2 оқушы биология пәнін таңдап отыр. Мамандық және оның қажеті, оқушының қабілеттері, ата-ананың, отбасының көзқарасы талқыланып, сынып жетекшілер оқушылармен, ата-аналармен жұмыстар жүргізіліп отыр.

2023-2024 оқу жылында мектептің бейіндік бағытына 11-сынып білім алушыларының таңдау пәндері сәйкес.

Жарытылыстану-математикалық бағыттағы:

- биология-химия
- математика-физика
- математика-информатика пәндерін таңдады.

б) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әрбір баланың білім алуға құқығы бар. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек, қолжетімді оқыту мен тәрбиелеу арқылы әлеуметтік және жеке басының әл-ауқатына қол жеткізу үшін қолдау көрсетіледі. А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырылады, түрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолжетімді және тұлғаға бағдарланған білім беруді іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Жеке оқытуды ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- сабақ өткізудің икемді режимін қамтамасыз ету;
- Ауру ағымының сипатын ескере отырып, бағдарламаларды іске асыру.

Оқу жылының басында мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың тізімі жасалады.

Ұйымдастыру барысында үйде жеке оқытуды қамтамасыз ету мәселесі қадағаланады.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жыл сайын үйде жеке оқыту жүргізіледі.

2021 – 2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында

есепте тұрған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы тізімі

Мектеп бойынша ПМПК анықтамасымен оқитын оқушылар саны

№	Диагносттар	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы		Үйде оқитын
				1 қыркүйек	1 сәуір	
1	Төмен дәрежелі Гиперметропия. Торлы Ангиопатия. Сөйлеудің фонетикалық дамымауы.	1	1	1		
2	Психикалық дамудың кешігуі, соматогендік. Сөйлеудің жалпы	1	1		1	

	дамымауы -III деңгей					
3	Сөйлеудің жалпы дамымауы-III деңгей	1	4			
4	Дизартрияның жойылған түрі. Сөйлеудің фонетикалық дамымауы	2	1			
5	Психикалық дамудың кешігуі, Фонемалық дисграфия	1				
6	Психикалық дамудың кешігуі, соматогендік. (Прогрессивті бұлшықет дистрофиясы. Төменгі орташа дәрежелі парапарез)	1	1	1		1
7	Психикалық дамудың кешігуі, соматогендік. Оқу мен жазудың бұзылуы	1	1			
8	Тірек – қимыл аппаратының бұзылуы. Психикалық дамудың кешігуі. Эхолалия. Сөйлеудің жалпы дамымауы-II деңгейі		1	1		
9	Туа біткен 2 жақты жамбас дислокациясы. Сколиоз		1	1		1
10	Психикалық дамудың кешігуі, психогендік келу.		2			
11	Сөйлеудің жалпы дамымауы-I деңгей, Ринопалия. _Q 35,4 ВПР жоғарғы жақ. Жұмсақ және қатты таңдайдың толық туа біткен жырығы айқын сору, жұту бұзылысы			1		
12	Шекаралық интеллектуалды жеткіліксіздік (ПИН)			2		
	Барлығы	8	13	7	8	2

2021-2022 оқу жылында ПМПК анықтамасы бойынша 8 оқушы білім алды, оның жетеуі мектеп қабырғасында оқыса 1 оқушы диагнозына байланысты үйде оқытылды. (Прогрессивті бұлшықет дистрофиясы. Төменгі орташа дәрежелі парапарез)

Мектептен жазғы демалыс кезінде 2 оқушы кетті: Широкоград И. (Бұйрық №56, 07.07.2022ж.), Байшев А. (Бұйрық №58, 12.07.2022ж.)

2022-2023 оқу жылында 13 оқушы болды.

Ерекше білім алатын оқушы санының өткен жылмен салыстырғанда көбеюінің себебі:

ПМПК қорытынды анықтамасы негізінде

11 оқушы мектепте;

2 оқушы үйде оқытылды. (Калиев Н-9 сынып; Жасұланқызы Н-6 сынып)

- мектеп алды сыныбына 1 оқушы тіркелді: Қанатбек Н. Анықтама Бұйрық №364. «10». 08»2022 ж.
- 1 -сынып оқушыларының арасынан 3 оқушы тізімге алынды: Азаматқызы А.,-анықтама № 267. «06». 05. 2022ж. Тур Д.- анықтама №264. «06».05.2022 ж. Уразакова Д. –анықтама№263. «06». 05.2022ж
- Үйде оқытылатын «Аркалық қаласы білім бөлімінің Қызылжұлдыз негізгі орта мектебі» КММ 1 оқушы: Жасұланқызы Н.- Бұйрық № 59. «16». 08. 2022ж. келді.
- 2 оқушы Аркалық қаласы білім бөлімінің № 3 Б.Майлин атындағы орта мектебінен келді. Олар: Әнуар Б. (Бұйрық №12, 5.11.2021ж.) , Ануарова Ж. (Бұйрық №13, 5.11.2021ж.);
- Мектептен 2022-2023 оқу жылының жазғы демалысы кезінде 2 оқушы кетті, ол- 5-сынып оқушысы Кубиков Н-28.08.2023 ж Бұйрық №56; Әнуар Б. (Бұйрық №54, 28.08.2023ж.),

2023-2024 оқу жылының басында ПМПК анықтамасымен оқитын бала саны- 7 оқушы,

2024 жылдың 1 сәуірінде бала саны-8

Тізімдегі бала санының кему себебі:

- Мұғалімдердің білім алушылармен сабақ барысында, сабақтан тыс уақытта анықтама берілген ұсынымға сәйкес тиімді әдіс-тәсілдермен жүйелі жұмыс жасағандықтан мектепте 5 оқушы ПМПК тізімінен комиссия қорытындысы бойынша алынып тасталды. (Айтбай М., Омарова А., Азаматқызы А., Тур Д., Уразакова Д.)
- Сыздықов А-анықтама № 307. «18». 05. 2023 ж. бойынша мектепалды сыныбына қабылданды. (Бұйрық №01. «01».09.2023ж)
- 1 оқушы келді: Кубиков Н- Бұйрық №06 «26». 09.2023 ж;

Мектеп ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға сапалы, қолжетімді білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды.

- 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбына Қанатбек Н. (ПМПК анықтамасы № 395 «22».08.2023ж.) ата – анасының арызы бойынша мектепалды даярлық сыныбына қайта білім алуға тіркелді.(Бұйрық №1 «01».09.2024ж.)

2021-2022 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін 8 бала болды, оның ішінде 2 бала ПМПК ұсынысы бойынша 7 «Б» сынып Широкоград И, 8 «А» сынып Қасымбек Нұрдәулет жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жеке тәсілмен оқытылды.

2022-2023 оқу жылында 9 «А» сынып Әнуар Бексұлтан, Ануарова Жания, Қасымбек Нұрдәулет жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жеке тәсілмен оқытылды.

2023-2024 оқу жылында 10 «А» сынып Ануарова Жәния, Қасымбек Нұрдәулет бейімделген жалпы білім беретін бағдарламасы бойынша мектептің жалпы сыныбында оқытылды.

Педагогтің балаға оның оқу барысының нәтижесіне қатынасатын педагогтың оқу процесін даралаңдыра білуінің, психолог маманының ұсыныстарын қолдана білуінің, баланың өзіне деген сенімін қалыптастыра білуінің маңызы зор:

1. ПМПК қорытындылары мен ұсынымдарын зерделейді.

2. Бақылау нәтижелерін қорытынды нысанына жинақтайды.

Бұл нысан жылдың басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында толтырылады, яғни баланың даму ікемділігі мен оқудың табыстылығы мониторингілеу құралы болып табылады. Білім алушының оқу жетістіктеріне критериалды бағалау жүргізіледі. Бағдарламаны игерудегі кемшіліктері анықталады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық және педагогикалық қызмет көрсетіледі. Әр балаға педагог-психолог бағдарлама жасап, бақылау журналын жүргізеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақ беретін пән мұғалімдері ПМПК ұсынған анықтама негізінде жұмыс жасайды. (бейімделген/қысқартылған бағдарламалар, сабақ барысында орындалатын тапсырмаларды және БЖБ/ТЖБ-ны баланың қабілетіне қарай бейімдеу).

Үйде оқытылатын оқушылар туралы мәлімет

ПМПК қорытындысы және ата-анасының өтініші негізінде оқушылар үйде жеке оқытуға ауыстырылады. ПМПК шешімі негізінде, ДКК және ата-аналардың өтініштері бойынша Калиев Нұрымхан мен Жасұланқызы Нұрсезімге үйде оқыту ұйымдастырылды. Қалалық білім бөлімінің басшысымен келісілген және мектеп директоры бекіткен жеке жұмыс жоспары жасалады. Жеке оқушыға оқушының ата-анасымен келісілген және мектеп директоры бекіткен кесте жасалады. Оқу жүктемесі сабақтар кестесіне сәйкес өткізіледі, барлық деректер «Күнделік» электрондық журналына енгізіледі. Жеке оқитын балалардың ата-аналарына білім беру процесінің барысы және мазмұнымен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Оқу жылы және үйде оқытылу бұйрығы	Білім алушының аты-жөні, сыныбы	Оқу бағдарламасы, пән мұғалімі, жүргізетін пәні
2021-2022 «31» тамыз 2021ж	Калиев Нұрымхан Шалабайұлы	Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша жеке тәсілмен Жұмыс оқу жоспары негізінде (Хаттама №1 28.08.2021ж)
	8 «А» сыныбы	Ораз А. Р.- қазақ тілі -2 с және әдебиеті-4с

		Бұйрық №126	<p>Муханбетжанова Г.Р.-Қазақстан тарихы-1с, дүниежүзі тарихы – 2с</p> <p>Баймолдина Ж. А- география-1с</p> <p>Марковская Д.С.- орыс тілі және әдебиеті-2с</p> <p>Темиржанова С.Б.- шетел тілі (ағылшын)-2 с</p> <p>Айдарханов А. М. - информатика -1с</p> <p>Боранбаева А.Н.- физика-1с</p> <p>Зейнекешева К. Н.- химия-1с</p> <p>Карбозова Г.К. - биология 1с</p> <p>Төлеухан М.А. - алгебра-2с, геометрия-1 с.</p> <p>Жалпы- 18 сағат</p>	
		2022-2023	бейімделген жалпы білім беретін бағдарлама	
		«31» тамыз 2022ж	Жұмыс оқу жоспары негізінде Хаттама №1 29.08.2022ж	
		Бұйрық №127	<p>Ораз А. Р.- қазақ тілі- 2с және қазақ әдебиеті- 2с</p> <p>Муханбетжанова Г.Р.-Қазақстан тарихы -1с, дүние жүзі тарихы-1с, құқық негіздері-1с</p> <p>Баймолдина Ж. А - география-1с</p> <p>Марковская Д.С.- орыс тілі және әдебиеті-2с</p> <p>Темиржанова С.Б.- шетел тілі (ағылшын)-2 с</p> <p>Айдарханов А. М. - информатика -1с</p> <p>Аскаров Б.К.- физика-1с</p> <p>Зейнекешева К. Н.- химия-1с</p> <p>Карбозова Г.К.- биология 1с</p> <p>Буркитбаева З.Г. - алгебра-2с, геометрия-1с.</p> <p>Жалпы- 19 сағат</p>	<p>Калиев Нұрымхан Шалабайұлы</p> <p>Калиев Нұрымхан Шалабайұлы</p> <p>9 «А» сыныбы</p>
		«31» тамыз 2022ж	Жалпы білім беретін бағдарлама Жұмыс оқу жоспары негізінде Хаттама №1 29.08.2022ж	
		Бұйрық №128	<p>Жаксылықова Г.А.- қазақ тілі-2 с және қазақ әдебиеті-2 с</p> <p>Байтурсынов Н.Б.- Қазақстан тарихы-1 с, Дүние жүзі тарихы – 1с</p> <p>Марковская Д.С.- орыс тілі және әдебиеті-2с</p> <p>Темиржанова С.Б.- шетел тілі (ағылшын)-2 с</p>	<p>Жасұланқызы Нұрсезім 6 «А» сыныбы</p>

			Айдарханов А. М.- информатика -1с Карбозова Г.К. - жаратылыстану -1с Буркитбаева З.Г. - математика -3 с. Жалпы- 15 сағат
2023-2024 «31» тамыз 2023ж Бұйрық №131	Калиев Нұрымхан Шалабайұлы 10 «А» сыныбы	Жұмыс оқу жоспары негізінде Хаттама №1 31.08.2023ж бейімделген жалпы білім беретін бағдарлама	
		Берден М. М.- қазақ тілі-1с және қазақ әдебиеті-2с Муханбетжанова Г.Р.-Қазақстан тарихы-2с, дүние жүзі тарихы – 1с Баймолдина Ж. А- география-2с ДраганчукЕ.А.- орыс тілі және әдебиеті -2с Темиржанова С.Б.- шетел тілі (ағылшын)-2 с Айдарханов А. М. - информатика -1с Карбозова Г.К.- биология -2с Калиев М.Ш. – алгебра және анализ бастамалары-2, геометрия -2с. Жалпы- 19 сағат	
«31» тамыз 2023ж Бұйрық №132	Жасұланқызы Нұрсезім 7 А сынып	Жұмыс оқу жоспары негізінде Хаттама №1 31.08.2023ж жалпы білім беретін бағдарлама	
		Жаксылыкова Г.А.- қазақ тілі-2с және қазақ әдебиеті-2с Байтурсынов Н.Б.- Қазақстан тарихы-1, Дүние жүзі тарихы – 1с Драганчук Е.А. - орыс тілі және әдебиеті-2с Жусипова А.Б. - шетел тілі (ағылшын)-2 с Айдарханов А. М. - информатика -1с Карбозова Г.К. - биология 1с Калиев М.Ш- алгебра -2 с, геометрия-1, физика -1 с. Зейнекешева К.Н- химия -1с Баймолдина Ж.Н- география – 1 с Жалпы- 18 сағат	
Сабақ кестесі:			

2021 - 2022 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1VAs3LP5UDh8Z1c0xJh_WId4QAIN28DOH/view?usp=sharing

2022 – 2023 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1eadxD-otoNZMW9drbU2A5IfeeJbbIxQF/view?usp=sharing>

2023 – 2024 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1OJXK1i0o6gidTtzCdAo1KcoMWb61HauR/view?usp=sharing>

Жеке оқу жоспарлары бойынша оқитын мектеп оқушыларының жетістіктері жеке бағдарламаға енгізілген білім беру мақсаттарына (күтілетін нәтижелерге) сәйкес жүзеге асырылады.

Мұғалім оқу материалын меңгеру, тапсырмаларды орындау барысын бақылап, оқушының жетістігін, қиындықтарын, қателіктерін талдайды. Талдау нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда оқыту әдістерін, құралдарын, ресурстарын өзгерту арқылы көмек көрсетеді.

- шетел тілі (ағылшын) кабинеті -2
- информатика кабинеттері-2
- бастауыш сынып кабинеті-6
- математика кабинеті -1

- көркем еңбек оқу процесін жүргізуге арналған жабдықтары бар, -2
- АӘТД оқу стендтері мен демонстрациялық қаруы бар -1
- География-1
- мектепалды сынып-2

Спорттық жабдықтар жиынтығы бар спорт залы-1, оқу залы-1, кітапхана-1. Арнайы кабинеттер: педагог-психолог-1, әлеуметтік педагог-1, әдістемелік кабинет-2. Өткізу пунктінде-бейнебақылау және дабыл түймесі бар вахта орналасқан. Мектепте 6 дәретхана бар, оның ішінде 12 жеке дәретхана кабинасымен бөлінген, 17 жуу раковинасы бар, суды жылытуға арналған 2 қазандық, 6 дана қол кептіргіш бар.

Әдістемелік қосымша-9 https://drive.google.com/file/d/1wmaZc5mWm9ndF1N7n0LYeCUirFFqoS_u/view?usp=sharing

3) Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:

Мектеп медбикесі Столярова Н.Н. 4 жыл осы мектепте қызмет етеді, маман сертификаты бар. Сондай-ақ, жылдық жоспарға сәйкес. Ашутасты ауылдық педиатр Жүнісова М.Ж. басшылығымен және ата-аналардың келісімімен балаларға емшара кабинетінде профилактикалық егулер жүргізіледі. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптары" санитариялық қағидаларының 11-қосымшасына сай мектептің медициналық құжаттамасы сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды өткізу, денсаулық жағдайы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бөлу (денсаулық топтары), дене бітімінің дамуы, диспансерлік бақылау және жүргізілген сауықтыру топтары бойынша ақпарат есептік тәртіп бойынша жинақталған. Мектепте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, сырқаттанушылықтың алдын алуға және оны төмендетуге бағытталған сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспары жасалған. Іс-шаралар дәріс, әңгіме, дөңгелек үстел түрінде өтеді.

https://drive.google.com/drive/folders/1GAr5gR-sirTpnFTO7zKy3hmla8KccTd2?usp=drive_link

4) edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер:

Мектепте үшінші деңгейдегі домендік атаудағы <https://makarenko.arkalyk.edu.kz/>

(29.01.2024 жылғы № 58 шарт) сайт бар, жұмыс жасайды.

5) Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:

ТЖ тексеру нәтижелері туралы мәліметтер (актілер, шарт қоса беріледі)

СЭС тексеру нәтижелері туралы мәліметтер (актілер қоса беріледі)

Мектеп мектепалды сыныбында тәрбиеленушілерге арналған 15 орындық, 15 жеке шкаф бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер. Мектеп тұтқалары бар пандуспен, шақыру

түймесімен, ұйымның атауы жазылған тактильді тақтайшамен, жолақтары бар тактильді тақтайшамен жабдықталған.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДМС-76 бұйрығының 3-тарауы негізінде су тәртібі, 2020-2023 жыл аралығында оқушыларға жеке ыдыста қайнаған ауыз суды 3 сағаттан аспай сақталған жағдайда оны пайдалануға рұқсат беріліп, ауыз су режимін ұйымдастыру үшін мектеп басшысының бұйрығымен жауапты адам бақылап отырды. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап мектебіміздің түлегі демеушілік етіп, өз есебінен су сүзгісін (фильтр) орнатып берді. Суға арналған кулер өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін таза ыдыс (шыны, фаянс ыдыс, бір рет қолданылатын стақандар) пайдаланылады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етіледі.

6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңның 25 бабына сәйкес: мектеп ғимаратына кедергісіз кіріп-шығуына жағдайлар жасалған.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін:

- сыртқы кіреберісте пандус және оған арнайы тұтқасы бар;
- тактильді пиктограмма, дәліздер де тактильді жабын бар;
- дыбыстық хабарлама құралы орнатылған.

7) Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарактандырылуы туралы мәліметтер:

Мектептің материалдық -техникалық базасы жүйелі толықтырылып отырылады.

Мектептің 1-қабатында - 11 оқу сыныптары, ал 2-қабатында – 16 оқу сыныптары орналасқан. Мектепте химия кабинеті бар, кабинет қажетті ресурстармен жабдықталған, көлемі 65,5 ш.м, зертханасының көлемі 16,1 ш.м.

Химия кабинетіне қойылатын талаптарға сәйкес.

1. Кабинеттің құжаты бойынша талапқа сай жабдықталған мүліктер мен техникалық құралдар, көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемелік, дидактикалық құралдары бар.

2. Химия кабинеті екі бөлмеден тұрады: сынып бөлмесі және лаборанттар бөлмесі.

3. Онда 2 орынды оқушыларға арналған зертханалық тәжірибелер мен практикалық сабақтар өткізуге мүмкіндік беретін столдармен қамтамасыз етілген. Мұғалім столы мен, тартқыш шкафпен, сынып тақтасымен сәйкестендірілген демонстрациялық стол орналасқан.

4. Онда реактивтерді, ыдыстарды сақтауға арналған сөрелер, тартқыш шкаф, ыдыс жуатын орын, өрт сөндіру

құралдары,лаборант пен мұғалімге қажетті жиһаз бар.

5. Лаборант бөлмесі сыныптың тақта жағынан есік арқылы орналасқан.

6. Лабораториялық үстелдің демонстрациялық үстелдің арақашықтығы 800 мм.

7. Ең ақырғы отыратын оқушының партасы тақтадан 10 м қашықта орналасқан.

8. Кабинетте суық су тартылған раковина бар.

9. Кабинет жарықпен толық қамтамасыз етілген.

Мектебімізде 1(бір)денешынықтыру залы, көлемі - 145,6 ш.м. температура тәртібі +20С жылылықта және 1(бір)тренажер зал бар, көлемі 40,6 ш.м..

Спорт залдарының жанындағы киім шешетін орындар киімге арналған шкафтармен, киім ілгіштер және орындықтармен жабдықталған.Спорттық төсеніштер, снарядтардың жабыны (қаптамасы) ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретіндей орнатылған.

Құрал-жабдықтар тізімі

№	Құрал-жабдық	Саны
1.	Баскетбол	10
2.	Волейбол	7
3.	Футбол	8
4.	Тоғызқұмалақ	3
5.	Хоккей таяғы	3
6.	Эстафеталық таяқ	2
7.	Граната	4
8.	Гимнастикалық шеңбер	10
9.	Шаңғы	16
10.	Аяқ киім шаңғы	20
11.	Арқан	2
12.	Гимнастикалық қабырға	8

13.	Гимнастикалық таяқша	20
14.	Шахмат	14
15.	Теннис ракетка	2
16.	Волейбол торы	3
17.	Жасыл форма	9
18.	Қызыл форма	10
19.	Теннис үстелі	2
20.	Гимнастикалық көпір	1
21.	Гимнастикалық бөрене	1
22.	Гимнастикалық ат	2

АӘТД оқу материалдық базасы бар.

Арнайы қару-жарак кабинеті

№ п.п	Түгендеу нөмері	Саны	Атауы
1	236010000132	1	пневматикалық мылтық
2	236010000133	1	пневматикалық мылтық
3	236010000134	1	пневматикалық мылтық
4	236010000131	1	автоматтың макеті
5	236010000129	1	автоматтың макеті

Мектептің екінші қабатында 2 (екі) информатика кабинеті бар. Кабинеттер қажетті ресурстармен жабдықталған:

№54 информатика кабинетті аумағы 54,8м². Кабинетте білім алушыларға арналған екікісілік парталар мен орындығы, вебкамерасы, интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар -11 дана дербес компьютер, жазу тақтасы, кітаптар сөресі мен әдістемелік материалдар жинағы, қауіпсіздік техника ережелер қабырға плакаты, репродуктор, қоқыс жәшігі, өрт сөндіргіш құрал бар. Жылдамдығы 8 МБ/с. болатын хаб арқылы интернет желісі қосылған.

№55 информатика кабинетті аумағы 59,9м². Оқушыларға арналған екікісілік 10 дана парта және орындығы, мұғалім столы орындығымен, интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар -21 дана дербес компьютер, жазу тақтасы-1, 2 дана үш есікті шкаф пен 9 оқулық, әдістемелік материалдар жинағы, қауіпсіздік техника ережесі, тақырыптық 7 дана қабырға стенді, 1 тумба, репродуктор,

1 қоқыс жәшігі, 1 өрт сөндіргіш құрал бар. ОТТҚ (оптикалық талшықтар тарату құралы) Mikrolad -1 дана, 1 хаб, 1

модем арқылы жылдамдығы 8МБ/с. интернет желісіне қосылған.

Көркем еңбек (қыздарға арналған) кабинеті мектебіміздің екінші қабатында орналасқан, көлемі 31,1ш.м.Кабинетте оқушы парталары мен орындықтары,

мұғалім үстелі мен орындығы, тігінмашинасы «JANOME», тамақ пісіруге

арналған тоқ плита, ыдыс жууға арналған раковина , шкаф, тақта, холодильник «Атлант»,көркем еңбекқұрал-жабдықтарын жинайтын

сөрелер, көркем еңбекқұжаттарын және дайын бұйымдардыжинайтын шкафтар, қауіпсіздік техникасыережелер қабырға плакаты, репродукормен, қоқыс жәшігі, өрт сөндіргішқұралдарымен жабдықталған. Интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бардербес компьютер бар. Хаб арқылы интернет желісі қосылған.

Казіргі уақытта оқу процессі материалдық және техникалық база бойынша жетілдірілді. Мектепте барлығы 91 дана компьютер жиынтығы және 10 дана ноутбук, 1 дана интерактивті тақта бар. Оқу кабинеттерінде 5 проэктор ораласқан және жиналмалы экран орнатылған. Оқушы партасы:254

- Оқушы орындығы : 400
- Мұғалім үстелі: 40
- Орындық саны: 70
- Шкаф саны:70
- Киім ілетін ілгіш: 7
- Сынып тақталары:27
- Қозғалмалы тақталар:2
- Мәжіліс үстелі: 1
- Жұмсақ орындық: 60
- Wi-fi құрылғысы-5

Барлық оқу кабинеттері дербес компьютерлік құрылғымен жабдықталып, интернет желісіне қосылған. АО Қазақтелеком қызмет көрсетеді.

Мектебізге ИП "Рекламные технологии" деп аталынатын фирма 2023 жылдың 30 қарашасында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңына сәкес мемлекеттік рәміздері бар көлемді стенд орнатты.

Мектеп аумағы талапқа сай жарықтандырылған.

Мектептің адында футбол, темір тормен қоршалған шағын футбол алаңдары бар, жасанды жабын жабылған алаңдар көлемі - 2 978,00 м² және волейбол, баскетбол, жаттығу жасауға арналған құрылғылар бар. Мектеп

ғимаратының алаңына брусчатка тастары төселген және оқушылармен мектеп қызметкерлері демалатын алаңқайға орындықтар қойылған.

8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:
Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Мектеп жабдықталған ас блогы бар 80 орындық аралған асхана бар.

Асхана жабдықтары

№ п/п	Инвентар номері	Объектінің атауы	Саны	Бастапқы құны	Тозу	Қалдық құны	Қысқаша сипаттамасы (жабдықтың %тозуы)
1.	236002000044	тұрмыстық тоңазытқыш	1	77 520	77 520		100,00
2.	236002000045	тоңазытқыш шкаф	1	228 283	228 283		100,00
3.	236007000315	су жылытқышы	1	55 507,2	55 507,2		100,00
4.	236009000088	электр қайнатқыш	1	36 241,74	36 241,74		100,00
5.	236009000090	4 комф.электр плитасы, қуыруға арналған шкафпен	1	93 652,14	93 652,14		100,00
6.	236010000127	май сүзгіш	1	35 000	32 389	2 611,00	92,54
7.	236010000128	су жылытқышы	1	33 066	33 066		100,00
8.	236009000084	жергілікті желдету сорғысы	2	132360,84	132360,84		100,00
9.	237002000182	үш секциялы жуу ваннасы	1	22 720,2	22 720,2		100,00
10	237002000209	орындықтары бар 4-адамдық асхана үстелі	7	54 902,4	54 902,4		100,00
11	237002000210	орындықтары бар 6-адамдық асхана үстелі	18	249 276,96	249 276,96		100,00
12	237002000226	ыдыс-аяқ шкафы	1	5 224,36	5 224,36		100,00
13	237002000227	ыдыс-аяқ шкафы	3	38 725,8	38 725,8		100,00

14	237002000231	нан шкафы	1	37 500,3	37 500,3		100,00
15	237002000236	ыдыс-аяқ кептіргіші бар топсалы шкаф	3	45 588,6	45 588,6		100,00
Барлығы				1 064 189,50	1 061 578,50	2 611,0 0	99,53

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды (ЖК Б.К Мукаева), мектеп оқушыларының тамақтануына келісім-шарт бар. (11-қосымша).

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

"Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес және жалпыға бірдей білім беру қорынан білім алушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамту жұмыстары жүргізіледі.

Мектептегі оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмысын ұйымдастыру бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған атқарылатын іс-шаралар жоспары құрылып, оқушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуін ұйымдастыру бұйрығы бекітілді. Жоспар бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

Қамқоршылық кеңес шешімімен ыстық тамақпен қамтылуға тиісті балалар анықталды.

Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған білім алушылар

Оқу жылы	Мектептегі жалпы бала саны 1-11 сынып	оның ішінде тегін тамақпен қамтылған білім алушылар саны	Әлеуметтік санаттары		
			Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушы	Ата-анасының қамқорынсыз қалған оқушы	Басқа санаттар
2021-2022	214	100	9	1	90

2022-2023	203	90	10	1	79
2023-2024	164	60	6	1	53

2023-2024 оқу жылында I тоқсан бойынша 1-4 сынып оқушылары толықтай 50 оқушы, ал 5-11 сынып аралығында әлеуметтік жағдайына байланысты 10 оқушы анықталып, ыстық тамақпен қамтылды. Жалпы мектеп бойынша ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны жыл басында 60 оқушы болса, IV тоқсан бойынша бастауыш сыныптан 54 оқушы, 5-11 сыныптардан 11 оқушы, жалпы 65 оқушы тамақтанады.

Әр жыл сайын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылар санының азаю себебі әлеуметтік осал топқа жататын оқушылардың басқа қалаға қоныс аударуы, мектепті аяқтаулары және білім алушылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруы болып табылады.

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізілді: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндірілді; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілуде.

Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген.

Тамақтанатын уақыты	Тамақтанатын сыныптар
10:05-10:20	1-4 сыныптар
11:55-12:10	5-11 сыныптар

1-4 сыныптар асханаға екінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, 5-11 сыныптар асханаға төртінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады.

Асхананы жалға алу келісімшарты ИП Мукаева Бакытжан Кенесбековнамен жасалған. Бір балаға тамақтау құны 2021-2022 оқу жылында 400 теңгені құраса, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында 500 теңгені құрайды. Сонымен қатар, тегін тамақпен қамтылмаған оқушылар үшін буфеттік тамақтану қарастырылған. Екі апталық перспективлық меню Арқалық қаласы білім бөлімінің басшысымен бекітілген.

Мектебімізде асхана талапқа сай бірінші қабатта орналасқан. Отыратын орындар саны - 80 орын. Мектеп асханасы ыдыспен, қажетті құрылғылармен жабдықталған. Жылу, канализация, сумен қамтамасыз етілген. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін оқушыларға арнап 3 раковина орнатылған.

		<p>Тамақтану объектісі туралы мәлімет:</p> <p>https://drive.google.com/drive/folders/16L3jXXH4CJRF-kBpoKDvtqCP1BHOfpK?usp=drive_link</p>
6.	<p>Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры</p>	<p>1) Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:</p> <p>Қазіргі кезеңде мәдениет саласы адамдардың өскелең талабын қанағаттандыруға, рухани байлығын, жалпы қабілетін дамытуға, жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыруға тиісті болса, бұл міндеттерді іске асыруда мектеп кітапханаларының алатын орны ерекше.</p> <p>Қазақстанда кітапхана ісінің дамуы еліміздегі мәдени құрылыстың жарқын беттері болып табылады. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А. Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің кітапханасы оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерге әдеби кітаптар және ақпараттық құралдармен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі, сонымен қатар білім беру, рухани және зияткерлік қарым-қатынас пен мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Кітапхана өз қызметін өзінің негізгі әдістемелік тақырыбына, оқу сыныптарында, даму бағыттарына және тәрбиелік мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады.</p> <p>Кітапхана, оқу залы мен абонемент мектептің бірінші қабатында орналасқан. Кітапхананың жалпы көлемі – 80,6 ш.м. Оқырмандарға арналған 15 үстел, 15 орындық бар. Кітапханада бір қызметкер жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі – Илебаева Б.М. Кітапхана мектеп директоры бекіткен жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасайды. Кітапхана үшін жылдық жұмыс жоспары негізгі және міндетті болып табылады. Кітапхана мен кітапханашылар қызметі жұмыстың мазмұнын анықтайтын нақты міндеттерге бағытталған. Мектеп кітапханасы жұмысының негізгі міндеттері – бұл білім беру процесіне қатысушыларды-білім алушылар мен мұғалімдерді кітапханалық-ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы ақпаратқа қол жеткізумен қамтамасыз ету болып табылады. Кітапхана іс-шаралары, көрме жұмысы және басқа да жұмыс түрлері арқылы оқу-тәрбие үрдісіне ықпал етеді. Кітапханашылар дәстүрлі ақпарат көздерімен қатар, жаңа әдебиеттерге бейне-шолу жасайды.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «19» қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидалары бойынша жалпы мынадай ережелерді қамтиды:</p> <p>а) кітапхана қорын қалыптастыру, қорды құру, ұдайы жаңарту, дамыту және оны жұмыс бабында ұстау;</p> <p>ә) кітапхана қорын үлгілеу жөніндегі барлық технологиялық процестердің жиынтық ұғымы, білім беру қызметін іске асыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарын ақпарат ресурстарымен қамтамасыз ету.</p> <p>б) кітапхана қорына түскен құжаттарды есепке алу, оларды тұрақты, ұзақ және уақытша сақтау құжаттарына бөлу жолымен саралы түрде жүзеге асырылады.</p> <p>«Кітапхана қорын жиынтық есепке алу» кітабының үш бөлімінде немесе жиынтық есепке алудың басқа нысанында кітаптар тіркеледі:</p>

- 1) бірінші бөлім – «Қорға түскен түсім»;
- 2) екінші бөлім – «Қордан шығару»;
- 3) үшінші бөлім – «Қордың қозғалысының қорытындылары».

Кітапхананың кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады.

Кітапхана қызметкерлері белгіленген қорды есепке алу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтауға міндетті және осы ережелерді бұзғаны үшін жауап береді.

Кітапхананың төлқұжаты, кітапхананы пайдалану ережесі және жұмыс кестесі бар. Бухгалтерлік есеп пен есеп беру мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар нысандарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп кітапханасы ғаламтор желісіне қосылған, балалар мен мұғалімдердің жұмыс істеуіне 1 компьютер бар. Оқушылар оқыған көркем әдебиеттері негізінде буктрейлерлер, видеороликтер жасайды. Оқушылармен онлайн-көрмелер, көркем сөз оқу членджері ұйымдастырылады. Кітапхананың 2023-2024 оқу жылында жұмыс көрсеткіші: оқырман саны- 210, бір жыл ішіндегі келу саны - 3855, берілген кітап саны - 4850, қордың кітаппен қамтылуы бір адамға шаққанда – 24


Кітапхананың негізгі жұмыс көрсеткіші

№	Көрсеткіші	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж
1	Оқырмандар	220	210	203
2	Кітаптар берілу саны	4820	4850	4800
3	Қатысушылар	3880	2100	3855
4	Кітап қоры:	31994	33000	32244
	Оның ішінде, оқулық	17154	17850	17322
	көркем әдебиет, журналдар	14840	15150	14922
5	Оқылымы	21	24	23
6	Айналымы	0,33	0,33	0,32
7	Қамтылуы	72,9	73	71
8	Электрондық оқулық			
9	Қазақ тіліндегі кітаптар саны			

2021-2022 оқу жылында оқулықтың -17154 болып, 2023-2024 оқу жылында 17850 болып тұрған себебі,

оқулықтың уақытылы есептік шоттан шығарылмауына байланысты. Ал, қазіргі таңда есептік шотқа кітаптар тізімі жасалып жатыр.

2021-2022 оқу жылында оқырмандар саны -220 болса, 2023-2024 оқу жылында-210 болып азайып отыр. Сараптама негізінде мектеп оқушылары мен ауыл тұрғындарының мекенжайын ауыстырып, бала сананың кемуіне байланысты екендігі анықталды.



2021-2022 оқу жылында мектепке берілген оқулық саны-656, негізгі қорға –көркем әдебиет берілген жоқ.

2022-2023 оқу жылында мектепке берілген оқулық саны-370, негізгі қорға –160 көркем әдебиет пен әдістемелік құралдар берілді.

2023-2024 оқу жылында мектепке берілген оқулық саны-168 дана, негізгі қор 82 көркем әдебиет және әдістемелік құралдармен толықты.

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

22 мамырдағы № 216 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20708 тіркелді. Осы бұйрық негізінде ережелерге сәйкес аталған оқулықтар кесте түрінде жіктеліп, оқулықтың авторын, атауы, шыққан жылын, баспасы және сыныбы көрсетілді.

Кітапханада 32244 кітап қоры жинақталған, оның 14922 данасы негізгі қор, ал қалғаны- 17322 оқулық болып

табылады.

Мектеп қорындағы оқулықтар:

- 11-сыныптар -2020 жылғы басылым;
- 4, 9, 10-сыныптар - 2019 жылғы басылым;
- 3,6,8 –сыныптар- 2018 жылғы басылым;
- 5,7-сыныптар- 2017 жылғы басылым;
- 1-сынып 2021жылғы;
- 2-сынып 2022 жылғы басылыммен оқиды.

Сыныптарға берілген оқулықтар тізімделіп, «Оқулық беруді тіркеу» журналына тіркелген. Кітапхана меңгерушісі оқулықтар қорының сақталуы туралы педкеңестер мен директор жанындағы отырыстарда, ата-аналар жиналысында мәлімет жасап отырады. Кітапхананың негізгі қоры-14922, оның ішінде мемлекеттік тілдегі кітаптар-13258 дана. Оқулықтар мен негізгі кітап қорына жұмсалынған қаржы көлемі

Оқу жылы	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
Келіп түскен оқулықтардың құны	1303264	779472	549520
Негізгі қорға түскен кітаптардың құны	0	458032	254660
Барлығы:	1303264	1237504	804180

2021-2022 оқу жылдарында 1 –сыныпқа және 6- сынып арналған оқулықтар алынды. Ондағы 656 дана оқулықтың соммасы 1246648 тг құрайды. Барлығы: 1246648 теңге.

2022-2023 оқу жылында 2-сыныпқа, Абайтану оқулықтары 5-11 сыныптарға 370 дана, соммасы 779472 теңге. Көркем әдебиет пен әдістемелік құралдардың негізгі қоры- 160 дана, соммасы 458032 теңге. Барлығы 530 дана, соммасы 1237504 теңгені құрайды.

2023-2024 оқу жылдары 8 -сыныпқа қосымша оқулықтар алынды. 168 дана, соммасы 549520 теңге, көркем әдебиеттің негізгі қоры- 82 дана, соммасы 254660 теңге. Барлығы 250 дана, соммасы 804180 тг құрайды.

Кітапхана қоры әмбебап, көп салалы болып келеді. Қор ББК бойынша сараланып, бастауыш сынып кітаптары әр түрлі тақырып бойынша орналасқан. Оқулықтар сыныптар бойынша қойылған.

Кітапханадағы кітап қорының салалық құрамы:

- жаратылыстану ғылымдары-435 дана;
- техника ғылымдары-141 дана;
- ауыл және орман шаруашылығы-72 дана;
- денсаулық сақтау-медицина-45 дана;

- мәдениеттану ғылымдары-419 дана;
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар -3233 дана;
- педагогикалық ғылымдар-5351 дана;
- тіл және әдебиет- 1545 дана;
- көркем әдебиеттер – 3681 дана.

Барлығы-14922 дана.

Уақыт талабына сай кітапхана ісіне, қоғамдық кітап пен ақпарат хабарларға деген талап артып отырғандықтан, соған сай кітапхана өз жұмысын атқарып отыр.

Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуде тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Кітапхана кішкентай болғанымен, атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Жоспарға сәйкес іс-шаралар, кітап көрмелері жүйелі өткізіліп тұрады. Бүгінде балаларға арналған көркем әдебиеттермен гимназия кітапханасының қоры одан әрі де жиі толықтырылып отырса деген үміттеміз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық қоғамдық кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, гимназия кітапханаларындағы кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап өтті. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушылардың кітап оқуға баулу мақсатында республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы жалғасып, мектеп әкімшілігімен бірлесіп жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілуде.

Биылғы оқу жылында негізінен «Әлем балалар әдебиетінің інжу-маржандары жасөспірімдерге арналған шығармалар», «Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері», «Атамұра кітапханасы» сериясындағы кітаптар оқылымда болды.

1-4 сынып оқушылары орыстың көрнекті жазушысы А.С. Пушкиннің шығармаларымен танысып, қызықты әңгімелер мен ертегілер кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалауға, адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруге үйренді. 1-4 сынып оқушылары «Қазақ ертегілері» және түрлі әдеби кітаптар, әңгімелерімен сусындап қысқы демалыстарын қызықты өткізуде. аясында 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесіне арналған «Көрікті ой, көркем тіл» атты әдеби кеші өткізілді. “Ілулі кітап” Республикалық акциясы аясында С.Мауленовтың “Балалық шақ” кітабы

«Ғарышкерлер мәңгілік ел жадында» «Ұшқан ұя» Б.Момышұлы Қазақстан Республикасының Конституциясы күні А. Байтұрсынов қазақ халқының рухани көсемі “Тіл - ұлттық белгі, халықтық мұра” Әлемге әйгілі -Әуезов”“Дала жұлдызы С.Мауленов“Кітап атадан қалған асыл мұра” 5-6 сынып оқушылары“Біз оқыдық сен сен оқы”“Жеңіс күні”

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар Ұлт» жобасын жүзеге асыру аясында оқушылар, ата-аналар, педагогтар

үшін кітапханашылар буктрейлер, бейнероликтер, фотокөрмелер жариялайды, ата-аналар мен педагогтар үшін «Отбасымызбен бірге оқимыз», библио-челленджерін Instagram парақшасында, мектебіміздің сайтында орналастыра отырып, ата-аналар мен педагогтар үшін «оқу сауаттылығын қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері» презентациясын өткізеді. «Отбасылық оқудың» ең үздік бейнероликтері мектебіміздің Instagram парақшасында жарияланды. Ал Арқалық қаласы кітапханашылардың әлеуметтік желідегі ортақ байланысы Facebook, Instagram парақшалары арқылы жүргізіліп отырады.

Кітапханамыздың қызметкерлері де оқырмандардан қол үзбей қызметтерін жалғастырумен қатар, кітапхана ісі бойынша білімдерін жетілдіріп келеді.

Әдістемелік қосымша-12

https://docs.google.com/spreadsheets/d/1SR58Q83kOsf8peSD2eGjqfdjbuw5eT7l/edit?usp=drive_link&rtpof=true&sd=true

Қорытынды:

Мектептегі білім алушылар ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекіткен тізімі бойынша оқулықтармен 100% қамтамасыз етілген.

Сараптама жасалған оқу жылдары аралығында мектептің кітапхалық қоры, оның ішінде оқулық, көркем әдебиет, әдістемелік құралдар 100% жаңартылып отырылады.

2) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралымә ліметтер:

Мектептің оқу процесінде ақпараттық ресурстарды пайдалану қолжетімді. Ақпараттық технологиялар оқу үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұтымды ұйымдастыруға, оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін, олардың жаңа білімді өз бетінше алу қабілетін дамытуға, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу үшін мектепте қажетті ақпараттық-техникалық ресурстар бар.

Мектепте 101 бірлік компьютерлік техника, 10 ноутбук бар. Оның ішінде ИНТЕРНЕТ желісіне қосылған -73 компьютер.

Мектептегі интернет желісін «Казахтелеком» АҚ қамтамасыз етеді. Интернеттің жылдамдығы – 8 мб/с. Мектебімізде оптикалық талшықты тарату құралы (ОТТҚ) 2020 жылы қосылды. Жылдамдығы 10 мб/с.

Білім беру үрдісінде «Bilimland», «Online Мектеп», « ITest» платформалары пайдаланылады. Мектеп бағдарламасының негізінде жасалған бұл ресурстар мұғалімдерге таптырмас көмекші және оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін қызықты оқыту құралдары. Электронды оқыту ресурстарының артықшылығы олар әрдайым жаңарып отырады.

Ақпараттық ресурстар:

https://drive.google.com/drive/folders/1cE0OGhANnOvkCancHVnMgy8aT6jTgkH0?usp=drive_link

7. Білім алушылардың білімін бағалау

1) ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері):
Білім алушылардың дайындық деңгейіне критерийлер:

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылы және 2023 – 2024 оқу жылының 3-тоқсандағы білім деңгейлері бойынша оқушылардың білім сапасы:

Білім деңгейлері	2021 – 2022 оқу жылы		2022 – 2023 оқу жылы		2023 – 2024 оқу жылы (3-тоқсан)		Динамика 2021-2023
	Оқушылар саны	% білім сапасы	Оқушылар саны	% білім сапасы	Оқушылар саны	% білім сапасы	

1 – 4 сынып	63	60	68	71	54	65	+2
5 – 9 сынып	114	58	108	58	96	60	+2
10 – 11 сынып	37	62	27	60	21	61	+1
Мектеп бойынша	214	60	203	61	171	61,8	+1,8

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылы және 2023 – 2024 оқу жылының 3-тоқсандағы білім деңгейлері бойынша оқушылардың білім сапасы оң динамиканы көрсетіп отыр. (+1,8%).

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылдарында "Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің білім алушыларының тиісті білім беру деңгейіндегі білім беру саласының әрбір оқу пәні бойынша даярлық деңгейі келесідей:

Білім беру салалары	2021 – 2022 оқу жылы	2022 – 2023 оқу жылы	Динамика
Білім берудің бастауыш деңгейі			
Тіл және әдебиет	68	75	+7
Қазақ тілі	69	72	+3
Қазақ тілі мен әдебиеті	67	75	+8
Әдебиеттік оқу	70	75	+5
Орыс тілі(Я1)	67	75	+8
Орыс тілі(Я2)	73	78	+5
Шетел тілі (ағылшын)	64	73	+9
Математика, информатика	72	73	+1
Математика	72	73	+1
Цифрлық сауаттылық	-	-	-
Жаратылыстану	88	79	-2
Жаратылыстану	88	79	-2
Адам және қоғам	84	88	+4
Дүниетану	84	88	+4
Білім берудің негізгі деңгейі			
Тіл және әдебиет	64	70	+6
Қазақ тілі	63	65	+2

Қазақ әдебиеті	69	69	
Орыс тілі(Я1)	55	75	+20
Орыс әдебиеті	66	78	+12
Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)	69	73	+4
Қазақ тілі мен әдебиеті	60	70	+10
Шетел тілі (ағылшын)	63	66	+3
Математика және информатика	62	66	+4
Математика	68	51	-17
Алгебра	54	69	+15
Геометрия	57	70	+13
Информатика	70	73	+3
Жаратылыстану	61	71	+10
Жаратылыстану	70	74	+4
Физика	55	71	+16
Химия	55	65	+10
Биология	63	72	+9
География	62	72	+10
Адам және қоғам	75	75	
Қазақстан тарихы	69	74	+5
Дүние жүзі тарихы	67	74	+7
Құқық негіздері	90	86,3	-3,7
Жалпы орта білім деңгейі			
Тіл және әдебиет	81	81	
Қазақ тілі	70	72	+2
Қазақ әдебиеті	77	75	-2

Орыс тілі(Я1)	85	83	-2
Орыс әдебиеті	85	83	-2
Орыс тілі мен әдебиеті (Я2)	87	88	+1
Қазақ тілі мен әдебиеті	85	83	-2
Шетел тілі (ағылшын)	77	79	+2
Математика және информатика	79	77	-2
Математика	-	-	-
Алгебра	74	74	
Геометрия	71	74	+3
Информатика	91	82	-9
Жаратылыстану	81	80	+1
Жаратылыстану	-	-	-
Физика	76	81	+5
Химия	79	76	-3
Биология	82	82	
География	86	82	-4
Адам және қоғам	80	83	+3
Қазақстан тарихы	73	79	+6
Дүние жүзі тарихы	76	78	+2

Құқық негіздері	90	91	+1
-----------------	----	----	----

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары кезеңінде МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беру оқу бағдарламаларын оқыту және игеру нәтижелерін салыстыра отырып, мынандай қорытынды жасалды: оқушылардың білімінің тұрақты пайызы байқалады, әрбір білім беру саласы (оқу пәндері) бойынша айырмашылық 2%- 3% құрайды. Алайда, білім берудің кейбір салалары бойынша білім сапасының тұрақсыз динамикасы байқалады. Айталық, білім берудің негізгі деңгейіндегі орыс тілі(Я1) пәнін 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 55%-дан 75 %-ға өсіп отыр. Динамика +20. Жалпы білім сапасының тым өсуіне оқушылар қозғалысы әсер етіп отыр. Мәселен, 2021-2022 оқу жылында 7 «Б» сыныбындағы 4 білім алушының 3-еуінің басқа мектепке ауысуына байланысты 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 50 %-дан 100 %-ға артып отыр. 2021-2022 оқу жылында 8 «Б» сыныбынан 1 білім алушының басқа мектепке ауысуына байланысты білім сапасы 57,1 %-дан 66,6 %-ға өсіп отыр. 2021-2022 оқу жылында


9 «Б» сыныбындағы 16 білім алушының 2-еуі колледжге, 11 білім алушының басқа мектепке ауысуына байланысты білім сапасы 58,3 %-дан 66,6 %-ға артып отыр.

Білім берудің негізгі деңгейіндегі математика пәні 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 68%-дан 51 %-ға түсіп отыр. Динамика -17. Жалпы білім сапасының төмендеуіне оқушылар қозғалысы әсер етіп отыр. Мәселен, 2021-2022 оқу жылында 5 «А» сыныбындағы 15 білім алушының 4-еуінің (үздік пен екпінді білім алушылар) басқа мектепке ауысуына байланысты 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 68 %-дан 51 %-ға төмендеп отыр.


Білім берудің жалпы орта деңгейіндегі информатика пәні 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 91%-дан 82 %-ға түсіп отыр. Динамика -9. Жалпы білім сапасының төмендеуіне оқушылар қозғалысы әсер етіп отыр. Мәселен, 2021-2022 оқу жылында 9 «А» сыныбындағы 10 білім алушының 5-еуінің (үздік пен екпінді) басқа мектепке ауысуы, мектептің жаз мезгіліндегі оқушылар қозғалысы оқытылу пәндерінің сапасының төмендеуіне өз әсерін тигізді. 9 «Б» сыныбындағы 16 білім алушының 2-еуі колледжге, 11 білім алушы (үздік пен екпінді) басқа мектепке ауысуы 2022-2023 оқу жылындағы білім сапасы 91 %-дан 82 %-ға төмендеуіне әсер етіп отыр.

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылдарында "Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Мақаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің білім алушыларының тиісті білім беру деңгейіндегі білім беру саласының әрбір оқу пәні бойынша даярлық деңгейі келесідей:


Білім берудің бастауыш деңгейі



Білім берудің негізгі деңгейі



Білім берудің жоғары деңгейі



2023 – 2024 оқу жылының 1,2,3-тоқсандағы білім деңгейлері бойынша оқушылардың білім сапасы оң динамиканы көрсетіп отыр.

2021-2022,2022-2023 оқу жылдары Білім сапасындағы олқылықтарды анықтау мақсатында оқу жылының басында мониторинг жүргізілді.Жоспарға сәйкес әрбір пән бойынша кіріс бақылау алынады.Олқылығы бар оқушылар мен қиындық тудырған тақырыптар анықталып, соған сәйкес жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.Тыңғылықты жасалған жұмыстың нәтижесінде 2023-2024 оқу жылындағы білім сапасы артып отыр.Білім алушыларға сапалы білім беру үшін мектепте барлық жағдай жасалған.Мұғалімдердің шығармашылық ізденістері, біліктілікті арттыру курстарынан өтуі, өзара тәжірибе алмасу бағытында түрлі семинар, конференцияларға қатысуы, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстың жақсы жолға қойылуы, дарынды балаларды анықтап,танымдық деңгейлерін көтеру,шығармашылық жұмыстарға баулу бағытында танымдық шаралардың өтуі т.б. сол сияқты жүйелі жұмыстардың арқасында 2023-2024 оқу жылында білім сапасы көтеріліп отыр. Сондай-ақ, мектеп жұмысы мұғалім, ата-ана, оқушы болып байланыста жүргізілуі де оң әсерін тигізіп отыр. Ата-ана тарапынан қолдау көрсетілсе, оқушы өз кезегінде үлкен жауапкершілікті сезініп, мектеп өміріндегі іс-шараларға белсенділікті көрсете білді.

2021 – 2022, 2022-2023 және 2023 – 2024 оқу жылының 3-тоқсандағы сыныптар бойынша үздік және екпінді оқушылар саны:

	2021 – 2022 оқу жылы	2022 – 2023 оқу жылы	2023 – 2024 оқу жылы (3 тоқсан)	Динамика
1 – 4 сынып үздіктері	14	14	10	-4
1 –4 сынып екпінділері	16	15	18	+3
5 – 9 сынып үздіктері	19	19	17	-2
5 – 9 сынып екпінділері	55	42	41	-1
10–11 сынып үздіктері	4	1	-	0
10–11 сынып екпінділері	23	16	13	-3
Мектеп бойынша үздіктер	37	34	27	-7
Екпінділер	94	73	72	-1

Берілген деректер көрсеткендей, барлық білім беру деңгейлерінде үздік оқушылар мен екпінділер саны азайды. Оның себебі үлгерімі жақсы білім алушылар басқа мектепке ауысуына байланысты болып отыр.

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылы және 2023 – 2024 оқу жылының 3-тоқсандағы білім деңгейлері бойынша оқушылардың үлгерімі:

Білім деңгейлері	2021 – 2022 оқу жылы		2022 – 2023 оқу жылы		2023 – 2024 оқу жылы (3-тоқсан)		Динамика
	Оқушылар саны	% үлгерімі	Оқушылар саны	% үлгерімі	Оқушылар саны	% үлгерімі	
1 – 4 сынып	63	100%	68	100%	54	100%	-

5 – 9 сынып	114	100%	108	100%	96	100%	-
10 – 11 сынып	37	100%	27	100%	21	100%	-
Мектеп бойынша	214	100%	203	100%	171	100%	-

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылы және 2023 – 2024 оқу жылының 3-тоқсандағы білім деңгейлері бойынша оқушылардың үлгерімі 100% , бағаланатын кезеңде оң бағаға ие.

Қорытынды

1. Жоғарыдағы диаграмма бойынша біз тұрақты нәтижелерді бастауыш және негізгі орта білім беру саласының әрбір оқу пәні бойынша даярлық деңгейінен ортадан жоғары екені байқалады. Оқудың төмендеуі жалпы орта білім деңгейінен байқалады.

Тапсырмаларды саралау және оқушыларға жеке көзқарас арқылы оқыту сапасы төмен пәндер(жеке-жекк атау) бойынша мақсатты жұмыс жүргізу қажет.

2. Оқушылардың біліміндегі проблемаларды уақтылы жою, пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылармен жеке консультациялар және қосымша тапсырмалар жүргізу.

4. ӨБ жетекшілері тарапынан білім сапасының күрт төмендеу себептерін қарастыру және осы кемшіліктерді жою бойынша нақты шараларды белгілеу.

2) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау:

Мектепте білім алушылардың білімін бағалау нормативтік құқықтық актілерге және педагогтерге, ата-аналарға және білім алушыларға көмек ретінде әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізіледі.

–«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сәйкес;

– «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы;

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады. 1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

Формативті бағалау нәтижелерін ұсыну білім алушылардың орындалған жұмыстарында және "Күнделік" электронды журналында балл түрінде жүйелі қойылып отырады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім бойынша жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді. Әр пән бойынша тоқсан сайын жиынтық жұмыстарды жүргізу кестесі әзірленеді және бекітіледі. (қосымшада көрсетілген).

Бір оқу күніне үш пәннен артық емес жиынтық бағалау жүргізуге рұқсат етіледі, бақылау жұмыстарының нәтижесін мектеп әкімшілігі сараптайды. Тоқсандық жиынтық бағалау өткізілген күні күнделіктің сабақтағы жұмыстар бөліміне «Қорытынды бақылау жұмысы» деп міндетті түрде жазылады.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау үшін ең жоғары балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан аспайды, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан аспайды.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәндер бойынша, бөлім бойынша бағалау тоқсанына екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдықта қойылады.

"Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", "Зайырлылық және дінтану негіздері" және бастауыш мектепте "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді, жартыжылдықта және оқу жылының қорытындысы бойынша "есептелінді" деген белгі жазылады.

Вариативті компоненттің сағаттары (элективті курс) есебінен тандалған оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді, оқу жылының соңында педагогтер "есептелінді" деген белгі жазады.

Белгілі бір себептер бойынша жиынтық бағалау жүргізілген күні болмаған білім алушылар мектеп директоры бекіткен жеке кесте бойынша жиынтық бағалаудан өтеді.

Ағымдағы оқу жылындағы білім алушылардың жазбаша жиынтық жұмыстары мектепте оқу жылының соңына дейін сақталады.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы 9, 11 сыныптар бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдар үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығына сәйкес білім беру". Осы бұйрыққа сәйкес «Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығында келесі компоненттер бөлінеді:

- ақпараттық дайындық (қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу туралы ақпаратты толық көлемде меңгеру);
- пәндік дайындық (белгілі бір пән бойынша дайындық, әр түрлі қиындық деңгейіндегі тест тапсырмаларын шеше білу);

- психологиялық дайындық (белгілі бір мінез-құлыққа дайындық күйі немесе ішкі көңіл-күй, мақсатты әрекеттерге бағдарлану, өзектендіру және бейімделу);

2021-2022 оқу жылындағы 9, 11 сыныптар бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері.

Педагогикалық кеңестің 2022 жылғы №6 шешімімен 9,11 сыныптардың барлық түлектері қорытынды аттестаттауға жіберілді.

- 2022 жылдың 28 мамыры мен 6 маусымы аралығында 9-сынып білім алушыларының негізгі орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін;
- 2022 жылдың 27 мамыры мен 10 маусымы аралығында 11- сынып білім алушыларының жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттау өтті.

Барлығы:

Негізгі орта білім туралы қорытынды аттестаттауға 9 -сыныптан 26 білім алушы қатысты, оның ішінде Восточный мектебінің білім беру қызметімен айналысу үшін лицензиясының жарамсыз болуына байланысты 25.05.2022ж. №28 бұйрық негізінде келген 11 білім алушысы да бар. 11 сыныптан 23 білім алушы қатысты, оның ішінде Восточный мектебінен 25.05.2022ж. №39 бұйрығы негізінде келген 7 білім алушы бар.

Білім алушылар, ата-аналар, мұғалімдер қорытынды аттестаттауды өткізу туралы ережемен, қорытынды аттестаттаудың кестесімен бекітілген тиісті нұсқаулықтармен таныстырылды. Барлық емтихандар бекітілген кестеге сәйкес өткізілді.

Қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулықты орындауда өрескел қателіктер болған жоқ. Қорытынды аттестаттаудың консультациялары мен емтихандарына білім алушылар 100% қатысты.

9- сынып оқушылары 4 пәннен емтихан тапсырды:

- Қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі бойынша) ;
- математика (алгебра);
- қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін) және орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін) ;
- таңдау пәні (Қазақстан тарихы, география, химия,биология).

11 сынып білім алушылары 5 пәннен емтихан тапсырды:

- Қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі бойынша);
- алгебра және анализ бастамалары;

- қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін) және орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін);
 - Қазақстан тарихы (ауызша емтихан) ;
 - таңдау пәні (Құқық негіздері, география, химия, биология, дүние жүзі тарихы, қазақ әдебиеті,ағылшын тілі).
- Педагогикалық кеңестің 13 маусым 2022 жылғы №7 қаулысы негізінде 9- сыныптан 26 білім алушысына негізгі орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін аттестат берілді.
- Педагогикалық кеңестің 13 маусым 2022 жылғы №7 қаулысы негізінде 11-сыныптың 23 білім алушысына жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін аттестат берілді. Қорытынды бітіру емтихандарын үздік бағамен аяқтаған 11-сынып білім алушысы-Раева Балжан Досанәліқызына «Үздік аттестат» берілді.
- Білім алушылардың аттестаттары негізгі орта және жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу кітабына тіркелді.

2022-2023 оқу жылындағы 9,11 сыныптар бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері.

Педагогикалық кеңестің 31 мамыр 2023 жылғы №8 қаулысы негізінде 9 сыныптардың 16 білім алушысы, 11 сыныптардың 20 білім алушысы қорытынды аттестаттауға жіберілді.2023 жылдың 2-13 маусымы аралығында 9-сынып білім алушыларының негізгі орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін, 2023 жылдың 5-19 маусымы аралығында 11 сынып білім алушыларының жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттау өтті. Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі»ММ 2023 жылғы 31 мамырдағы №234 бұйрығына сәкес қорытынды аттестаттаудан денсаулығына байланысты 2 оқушы –Баймұратов Рүстем, Калиев Нұрымхан босатылды. Білім алушылар, ата-аналар, мұғалімдер қорытынды аттестаттауды өткізу туралы ережемен, қорытынды аттестаттаудың кестесімен бекітілген тиісті нұсқаулықтармен таныстырылды. Барлық емтихандар бекітілген кестеге сәйкес өткізілді. Қорытынды аттестаттауды өткізу жөнінегі нұсқаулықты орындауда өрескел қателіктер болған жоқ. Қорытынды аттестаттаудың консультациялары мен емтихандарына білім алушылар 100% қатысты.

9 сынып оқушылары 4 пәннен емтихан тапсырды .

- Қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі бойынша) ;
- математика (алгебра);
- қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін) және орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін) ;
- таңдау пәні (Қазақстан тарихы, география, химия,биология).

11 сынып білім алушылары 5 пәннен емтихан тапсырды.

➤ Қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі бойынша);

➤ алгебра және анализ бастамалары;

➤ қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқытатын сыныптар үшін) және орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін);

➤ Қазақстан тарихы (ауызша емтихан) ;

➤ таңдау пәні (Құқық негіздері, география, химия, биология, дүние жүзі тарихы, қазақ әдебиеті,ағылшын тілі).

Педагогикалық кеңестің 16 маусым 2023 жылғы №9 қаулысы негізінде 9- сыныптан 18 білім алушысына негізгі орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін аттестат берілді.Қорытынды бітіру емтихандарын үздік бағамен аяқтаған 9-сынып білім алушысы-Сейтқали Айшабибі Дулатқызына «Үздік аттестат» берілді.

